



## ТҮРКІ ИНТЕГРАЦИЯСЫНЫҢ ЖАҢА КЕЗЕҢІ

Кеше Ыстанбұл шаһарында түбі бір түркі жұртының мемлекет басшыларының саммиті өтті. Он жылдан астам уақыт «Түркітілдес мемлекеттердің ынтымақтастық кеңесі» деп аталып келген ұйым жиынында бас қосқан Президенттер құрылымды «Түркі мемлекеттері ұйымы» деп өзгертті. Басқосуға Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев қатысып сөз сөйлесе, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев бейнеундеу жолдады.

Саммит аясындағы кездесулер мен қосалқы жиындар бейсенбі күні басталды. Сол күні Ыстанбұлға Әзербайжан, Қазақстан, Қырғыз Республикасы, Түркия, Өзбекстан, Түрікменстан президенттері мен Мажарстанның премьер-министрі де келіп жетті. Ал жұма күні Қазақстан басшысы өзге әріптестерімен бірге Ыстанбұлдағы Түркі кеңесі хатшылығының жаңа ғимаратының ашылуына қатысқан соң, Түркі кеңесінің VIII саммитіне қатысу үшін Ыстанбұлдың оңтүстік-шығысында орналасқан Демократия және бостандық аралына бет



алды. Сөйтіп, түркі интеграциясының жаңа кезеңінің шымылдығын ашқан саммит басталған еді.

### ТҮРКІ МЕМЛЕКЕТТЕРІ ҰЙЫМЫ ЖАҢА САЯСИ БЛОК ЕМЕС

Мұндай ойды саммитке қатысушыларға бейнеундеу жолдаған сәтінде Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев айтты. Жиынға қаты-

сушыларды құттықтай келе, Н.Назарбаев: «Бүгіннен бастап біздің бірлестік Түркі мемлекеттерінің ұйымы деп аталады. Бұл қадам елдеріміз арасындағы ықпалдастықты ілгерілету ісін жаңа деңгейге көтеріп, ұйымның мәртебелі миссиясын жүзеге асыруға тың серпін береді деп сенеміз», — деді. Сонымен бірге Нұрсұлтан Назарбаев түркі интеграциясын

мақсат тұтқан ұйымның қандай да бір блок емес екенін атап өтті. «Біз осы жаңа ұйымның барлық мемлекеттермен және халықаралық ұйымдармен ынтымақтастыққа дайын екенін паш етіп отырмыз. Оның ешкімге қарсы бағытталмағанын атап өткен жөн. Бұл — жаңа блок емес, қызметі БҰҰ Жарғысының негізгі мақсаттары мен принциптеріне сай ке-

летін прогрессивті бірлестік», — деді Елбасы.

### ЭКОНОМИКАЛЫҚ- ГУМАНИТАРЛЫҚ БАҒЫТ МАҢЫЗДЫ

Жиында сөйлеген сөзінде Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев қонақжайлығы үшін Түркия президенті Режеп Тайып Ердоғанға алғыс айта келе,

биыл Тәуелсіздіктің 30 жылдығын атап өтіп жатқан Әзербайжан, Қазақстан, Қырғыз Республикасы, Өзбекстан және Түрікменстан халықтарын құттықтады. Содан соң түркі интеграциясы үшін маңызды саналатын ойларымен бөлісті. Президент түркітілдес мемлекеттер басшыларының пандемиямен бірлесе күресу үшін алғашқылардың бірі болып саммит өткізгенін, Түркістан қаласының Түркі әлемінің рухани астанасы атанғанын, Таулы Карабақ мәселесі Біріккен Ұлттар Ұйымының қарарына сәйкес оң шешімін тапқанын атап өтті. Әрі кеңеске төрағалық еткен Әзербайжан мемлекетіне ризашылығын білдірді. Мемлекет басшысының өз сөзінде ұйымның үшінші тараппен ынтымақтастығы мәселелерін реттейтін ережелердің қабылдануы маңызды екенін атап өтті. Сонымен бірге түркі интеграциясында «Менің пікірім бойынша ұйымымыз, ең алдымен экономикалық, гуманитарлық және экологиялық ынтымақтастыққа баса мән бергені жөн. Әріптестерім бұл тұжырыммен келіседі деп ойлаймын», — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

(Жалғасы 2-бетте)

## Қазақ-мажар байланысына жоғары баға берді

Қасым-Жомарт Тоқаев Түркі кеңесі саммитінің аясында Мажарстанның премьер-министрі Виктор Орбанмен келіссөз жүргізді. Бұл туралы Ақорданың баспасөз қызметі хабарлады.



Кездесу барысында екі елдің басшылары сауда-экономикалық, инвестициялық, мәдени-гуманитарлық салалардағы қазақ-мажар ынтымақтастығының даму перспективаларын талқылады. Пандемияға қарсы күрес шаралары мен климаттың өзгеруіне қатысты мәселелер қозғалды. Сондай-ақ олар аймақтық күн тәртібіндегі өзекті мәселелер, оның ішінде Ауғанстандағы жағдай жөнінде пікір алмасты. Қасым-Жомарт Тоқаев Виктор Орбанға ілтипат білдіріп, Қазақстан мен Мажарстан арасындағы екіжақты қатынастардың дамуын жоғары бағалады және әртүрлі деңгейдегі өзара байланыстардың қарқынды дамып келе жатқанын атап өтті.

— Қазақстанда Мажарстанды жақсы біледі және

оған құрметпен қарайды. Біздің Орталық Еуропадағы алғашқы елшілігіміз Будапешт қаласында ашылды. Ынтымақтастығымыздың әлеуеті зор. Сондықтан біздің ортақ міндетіміз ведомстволарымыз бен үкіметтерімізді алға ұмтылуға, оның ішінде экономика бағытында ілгерілеуге, сондай-ақ БҰҰ және ЕҚЫҰ сияқты халықаралық ұйымдар аясында ықпалдастық жасауға ынталандыру деп ойлаймын, — деді Мемлекет басшысы.

Өз кезегінде Мажарстанның премьер-министрі екі ел халықтарының тарихи тығыз байланыстарын атап өтті. Кездесу соңында Виктор Орбан Қазақстан Президентін келер жылы Мажарстанға сапармен келуге шақырды.

## «Сұр» майнерлермен күрес басталды

Еліміздегі болжанып отырған энергоахуалға және жаңа жылдан бастап күшіне енетін салықтық өзгерістерге байланысты Үкімет майнинг өндірісіндегі тәртіпті реттеуге кірісті. Өйткені елімізде көптеп ашылып жатқан майнинг фермалардың басым бөлігі өз қызметін басқа кәсіп түрімен бүркемелеуге тырысады. Егер олар өз қызметін заңдас-тырмайтын болса, электр энергиясынан ажыратылмақ. Бұл туралы Энергетика министрлігінің қазан айынан бері жұртшылықтың талқылауына ұсынылған бұйрығының жобасында айтылған.

### БАСТЫ МАҚСАТ — ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІК

Осы мақсатқа Энергетика министрлігі Цифрлық даму, инновация және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінен нормативтік-құқықтық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізуді және цифрлық майнингпен айналыса-

тын тұлғаларға арналған талаптар мен критерийлерді нақтылауды сұрап отыр. Бұл туралы Энергетика министрі Мағзұм Мырзағалиев Қазақстандық блокчейн-технологиялар қауымдастығының, Блокчейн және дата-орталықтар мен технологиялар индустриясы қауымдастығының, ЦДИАӨМ және KEGOC өкілдері қатысқан жиында мәлімдеді. Министр майнерлердің дата-орталықтары еліміздің энергетикалық қауіпсіздігіне ешқандай да нұқсан келтірмеуі керек деп санайды.

«Блокчейн-индустриясының потенциалы өте зор екенін ескере

отырып, біз күшімізді оны одан ары қарай дамытуға жұмылдыруымыз қажет. Мен диалогті жақтаймын. Сондықтан да мұнда жиналғандарды еліміздің біртұтас электр энергиясы жүйесінің қауіпсіздігін және сенімділігін қамтамасыз етуге шақырамын. Цифрлық майнинг дегеніміз — өзге де салалардағы сияқты дербес бизнес субъектісі. Сондықтан да оның қызметі заң бойынша қолдауға да, қудалауға да жатады. Мұнда ешқандай дискриминацияға жол берілмек емес», — деді Мағзұм Мырзағалиев.

(Жалғасы 6-бетте)



## Қаржы қатынастары қайта жаңғырды

Мемлекет басшысы Қазақстан қаржыгерлері конгресінің қатысушыларына бейнеундеу жолдады. Бұл туралы Ақорданың баспасөз қызметі хабарлады.

Қасым-Жомарт Тоқаев бейнеундеуінде жиынға қатысушыларды Қазақстан қаржыгерлері конгресінің ашылуымен құттықтап, бұл еліміз үшін айрықша маңызды оқиға екенін атап өтті. — Биылғы басқосу Ұлттық валюта күні және Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығы қарсаңында өтіп жатыр. Мұның символдық мәні зор. Өйткені төл теңгеміз — елдігіміз бен егемендігіміздің шынайы белгісі. Біз 90-жылдардың басында негізгі нарықтық реформаларды жүзеге асырдық. Қаржы қатынастарын кешенді түрде қайта қарап, жаңғырттық. Әлемдегі озық тәжірибені ескере отырып, банк саласына түбегейлі өзгерістер енгіздік. Еліміздің толыққанды қаржылық инфрақұрылымы жасалды, — деді Мемлекет басшысы.

Президенттің айтуынша, біз сындарлы мемлекеттік саясаттың арқасында бәсекеге қабілетті қаржы секторын қалыптастырдық. — Қазақстанның қаржы саласы өндіретін озық жүйе саналады. Бүгінде оның жиынтық активі 35 триллион теңгеден асады. Бұл — еліміздің жалпы ішкі өнімінің тең жартысынан көп, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы өткен жылдың басында коронавирус пандемиясы және оның салдары әлем экономикасына орасан зор



зиян келтіретінін ешкім күтпегенін атап өтті.

— Мемлекеттік және халықаралық институттардың қабылдаған теңдессіз шаралары жағдайдың одан әрі шиеленісіп кетуіне жол бермеді. Алайда шикізат, сауда және қаржы салаларындағы ахуал әлі де құбылмалы болып тұр. Жаһандық сын-қатерлер мен үрдістерді ескере отырып, қаржы саласын одан әрі дамыту — мемлекеттің басым бағыттарының бірі. Бұл ретте елдің экономикалық өсімін қолдау оның негізгі міндеті болып қала береді. Мемлекет қиын кезеңдерде отандық қаржы секторын үнемі қолдады. Соның арқасында бүгінде банктердің жұмысы тұрақты әрі экономика-

ны несиелендіретін әлеуеті жоғары. Сондықтан олар экономиканы жылдам қалпына келтіруде және оны одан әрі әртарап-андыруда негізгі рөл атқаруға міндетті, — деді Президент.


Қасым-Жомарт Тоқаев отандық қор нарығын, соның ішінде экономиканы қаржыландырудың тағы бір маңызды көзіне айналуы қажет «Астана» халықаралық қаржы орталығын белсенді дамыту керек екенін атап өтті. Мемлекет басшысының пайымдауынша, қазір жаһандық қаржы институттарының қарқынды дамуына, көрсетілетін қаржылық қызметтерді барынша шифрландыруға байланысты міндеттерді де ескеру қажет.

## Дизель дауы

Көптен бері тапшылық болып, басылмаған дизель дауы әлі басылған жоқ. Енді автокөлікке қажетті өзге де жанармай түрлеріне әсер етсе керек. Бензин мен автогазға келгенде де мәселе көп, тұрақсыздық болып тұр. Жүргізушілер наразылығына қарамастан жағдай реттелмеді. Ал жуық арада бұл мәселелер шешіле қоймайтын тәртізді.

### ТАПШЫЛЫҚ ҚЫМБАТШЫЛЫҚ ТУДЫРДЫ МА?

Дизель тапшылығына түрлі себеп айтылды. Бастысы, мұнай өңдеу зауыттарының күрделі жөндеуден өтіп, жұмысын уақытша тоқтатқаны болды. Дегенмен салада шикілік көп. Наразылық басылмаған соң жауаптылар да әрекетке көшкендей кейіп танытты. Әйткенмен дизель бір төбе, бензинге қатысты проблемалар шықты. Өткен аптада Энергетика министрі болып тағайындалғанына 2 ай толмаған Мағзұм Мырзағалиев дизельмен қосып бензиннің де қымбаттағанын мойындаған болатын. Елде жанармай қоры жеткіліксіз деген ол баға өсуінің өзіндік себептері бар деп айтқан.



«1 жарым айдың ішінде бізге 190-200 мың тонна дизель келген. Соңғы 1 айдың ішінде мұнай бағасы 6-7 долларға қымбаттады. Сондықтан Ресейде импортталатын дизельдің бағасы өсті. Ал соңғы 3 жылда бензин 15 теңгеге қымбаттаған екен. Таяуда тағы бензиннің 2-3 теңгеге қымбаттағаны жайлы деректер таралды. Бірақ бензиннің қымбаттауына еш негіз жоқ. Себебі бензиннің қоры жеткілікті.

(Жалғасы 6-бетте)

# Түркі интеграциясының жаңа кезеңі



(Басы 1-бетте)

## Амангелді ҚҰРМЕТ

Содан соң нақты бірқатар ұсыныс айтты. Атап айтқанда, Қазақстан Президенті экологиялық түйткілдерді шешу маңызды екенін атап өтті. «Қазір дүниежүзі экологиялық түйткілдерді шешуге ерекше мән беруде. Көміртегі бейтараптығына қол жеткізу өзекті мәселеге айналды.

Пайдалы қазбаларды жаппай игеруден бас тартып жатқан елдердің саны артып келеді. Біз бұл үдерістен тыс қала алмаймыз. Мәселені тиімді шешу жолын қарастыруымыз керек. Қазақстанның көмірсутегі қоры мол. Соған қарамастан, біз жанартылатын қуат көздерін дамыта береміз», — дей келе Қазақстанның бұл бағытта атқарып жатқан жұмыстары мен алдағы жоспарды атап өтті.

Ал екінші мәселе ретінде Қ.Тоқаев сутегі энергетикасы мәселесіне тоқталды. «Қазір сутегі энергетикасының маңызы артып келеді. Халықаралық қауымдастық оны «таза» отынның жаңа түрі деп санайды. Біз бұл саланы дамыту үшін арнайы орталық құрып, инновацияны пайдалану тәжірибесін зерттеуге кірістік. Қазақстанда жасыл сутегінің өнеркәсіптік кластерін құруға мол мүмкіндік бар. Еліміздің ғылыми әлеуеті жеткілікті, білікті кадрлармен де қамтамасыз ете аламыз», — деген Президент түркі мемлекеттерінің басты ғылыми мекемелерін жұмылдырып,

Халықаралық консорциум құруды ұсынды. Бұл құрылым сутегіні өндіретін, оны сақтап, тасымалдайтын жаңа технологияны дамыту үшін қажет екенін айтты Президент.

Мемлекет басшысы көтерген үшінші мәселе — жаһандық жылыну үдерісіне қатысты. Қ.Тоқаев азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін бірқатар шараны бірлесе атқарудың, соның ішінде гидро-құрылымдар салудың маңызына тоқталды. Әрі Қазақстанның бұл бағыттағы ынтымақтастыққа даяр екенін атап өтті. Ал төртінші мәселе ретінде жасыл технологияға қатысты ортақ жобаларды іске асыру үшін жасыл капитал нарығын дамыту маңызын атап өтті. Еліміздің «Астана» халықаралық қаржы орталығы мен Қазақстан қор биржасына Түркі елдерінің жасыл облигацияларын аталған құрылымдарда орналастыруға дайын екенін айтты. Сонымен қатар ІТ компаниялардың ынтымақтастығын күшейтудің, инновациялар мен стартаптарды дамытуға қолайлы жағдай жасаудың маңызын атады. «Сіздерді Түркі ұйымының заманауи технопарктер орталығын құру мәселесін зерделеуге шақырамын. Сондай-ақ келесі жылы ІТ саласында еңбек етіп жүрген жастарымыздың арнайы форумын өткізуді ұсынамын», — деді Президент.

## ПРЕЗИДЕНТ ҰСЫНЫСТАРЫНЫҢ МӘНІ НЕДЕ?

Жалпы, Қасым-Жомарт Тоқаевтың Түркі ұйымының саммитінде айтқан ұсыныстарының Қазақстанның даму бағытымен тікелей қатысы бар екенін және әлемдік трендтерге үйлесетінін атап

өткен жөн. Мемлекет басшысы Түркі ұйымының жаһандық супер күштер күдіктенетін блокқа айналып кетпеуі қажет екенін түспалдағанын аңғардық Оны Елбасы да атап өткен еді. Дегенмен Нұрсұлтан Назарбаев та, Қасым-Жомарт Тоқаев та ХХІ ғасырда аумақтық тұтастықтың маңызды екенін және БҰҰ қарарларының әлем елдері үшін бұлжымас ережеге айналуы қажет екенін меңзеді. Сол арқылы Әзербайжанның Таулы Қарабақты қайтарып алу үшін жасаған әскери операцияларын бағалайтынын байқатты. Бір сөзбен айтқанда, дипломатия тілімен Бакуді қолдады. Екіншіден, Қ.Тоқаев ұсыныстарының арасында Орталық Азияда алдағы уақыттарды қалыптасуы мүмкін су тапшылығының алдын алу, суды бірлесе пайдалану мәселесі де жатыр. Тіпті, Түркі ұйымы тәрізді қалың бұқараның көңілінен шығатын құрылым арқылы су мен азық-түлік қауіпсіздігі мәселесін даушарасыз шешу мүмкіндігі бар екенін түспалдаған сынайлы. Сонымен қатар Қазақстан тарапының ұсыныстары жаһандық трендтерден қалмауға және адамзат-

## АДНАН МЕНДЕРЕСКЕ ҚҰРМЕТ КӨРСЕТТІ

Айтпақшы, Түркі ұйымының саммитінде Қасым-Жомарт Тоқаев Түркияның бұрынғы премьер-министрі, өткен ғасырдың 50-60-жылдарында үкімет басқарған қайраткер Аднан Мендерестің рухына тағзым етті. Саммиттің өзі саясаткер қамауда болған түрмеде орналасқан, жанаша «Демократия және бостандық» деп аталатын аралында өткендіктен, Қазақстан Президентінің сөзін Режеп Тайып Ердоған ерекше толықныспен қабылдады. Қасым-Жомарт Тоқаев: «Мен бүгін тағы бір өте маңызды тарихи оқиға туралы атап өткім келеді. Бұл өткен ғасырдың ортасында тағдыр тәлкегімен тауасып, тас басып, арып-ашып Анадолы жеріне келген мыңдаған қазақ отбасын өз бауырым деп құшақ жайып қарсы алған Аднан Мендерес жөнінде болып отыр. Ол өткен ғасырдың 50-60-жылдары, он жыл бойы Түркия Республикасының Премьер-министрі болған көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері. Қазақтардың осында орнығуына, кәсіп істеп, тамыр жаюына көп жағдай жасаған бірден-бір

## ӨЗГЕРГЕН ТЕК ҰЙЫМ АТАУЫ ЕМЕС...

Жалпы, сөз басында айтқанымыздай, осы жолғы саммиттің жөні бөлек болды. Ең әуелі «Түркітілдес мемлекеттердің ынтымақтастық кеңесінің» атауын «Түркі мемлекеттері ұйымы» атауына өзгерту туралы шешім қабылданды. Сөйтіп, «кеңес» «ұйымға» айналды. Одан соң Түркі мемлекеттері ұйымының 8-саммитінің декларациясы, Түрікменстанға Түркі мемлекеттері ұйымы жанындағы байқаушы мәртебесін беру туралы, «Түркі әлемінің келешегі-2040» туралы, «Түркі әлемінің бірлігіне қосқан үлесі үшін Әлішер Науаи атындағы халықаралық сыйлық» туралы, Түркі мемлекеттері ұйымы жанындағы Серіктес мәртебесін құру, Түркі мемлекеттері ұйымының Құрметті төрағасының құқықтары туралы ереже жөніндегі, Түркі мемлекеттері ұйымы Бас хатшысының өкілеттік мерзімін ұзарту және Бас хатшының орынбасарларын тағайындау, Түркі мемлекеттері ұйымы Түркі инвестициялық қорын құруды аяқтау туралы, Түркі мемлекеттері ұйымы жанындағы Байқаушы мәртебесі туралы ереже жөніндегі шешім, Әзербайжан Республикасының президенті Жоғары мәртебелі Ильхам Әлиевті Түркі әлемінің Жоғарғы орденімен марапаттау



тың дағдарысқа ұрындыруы мүмкін жағдайдың алдын алуға негізделген сынайлы. Сутегі энергетикасы, жасыл технологиялар, ІТ саласы тәрізді бағыттар әлем үшін өзекті бағыт екенін қазіргі ғылым мен технология көрсетіп тұр. Сондықтан Түркі әлемі дамудың осынау бағытынан қалыс қалмауы керек. Әрі күш біріктірген жағдайда табысқа жету мүмкіндігі бар екенін меңзеген сынайлы. Біздің пайымдауымызша, бұл — дұрыс бағыт.

тұлға болғаны ақиқат. Осы маңызды жиын өтіп жатқан Демократия және бостандық аралының да Аднан Мендерестің тағдырына тікелей қатысы бар. Мен Қазақстан Республикасының Президенті ретінде қазақ халқының атынан Аднан Мендерестің рухына тағзым етіп, құшағы кең барша түрік халқына шынайы алғысымды айтамын», — деді. Бұл қилы тағдыр кешіп, Пәкістан арқылы Түркияға жеткен қазақтарға пана болған түрік халқына айтылған алғыс еді.

жөніндегі шешімдерге қол қойылды. Яғни, қабылданған құжаттар бұрын «кеңес» аталып келген құрылымның атын ғана емес, жұмыс бағытына да өзгеріс енгізді. Саяси айналымнан «түркі тілдес мемлекеттер» деген сөз ресми ысырылып, орнына «түркі мемлекеттері» деп атау дәстүрі енгізілген сынайлы. Ұйым атауы соны мензейді. Бұл — интеграцияның жаңа сатыға көтерілгенінің белгісі.

# Шенділер шекарадан заңсыз мал өткізген



Түркістан облысында Мемлекеттік кірістер департаментінің қызметкерлері ұсталды. Ведомствоның мәліметіне сенсек, олар Қазақстанның мемлекеттік шекарасы арқылы ірі қара мал мен ұсақ малды жедел және кедергісіз өткізгені үшін кеден бекеттерінде кәсіпкерлік субъектілерінен пара алып отырған.

Мадияр ТӨЛЕУ

# Жұмысшылар жалақыны өсіруді сұрады

Маңғыстау облысы Шетпе ауылында цемент зауытының 200-ге жуық жұмысшысы ереуілге шықты. Олар жалақыны 60 пайызға көтерсін деп 2 күннен бері талап қойып отыр.

Цемент зауытының механик, инженер, elektrik, машинист, көлік жүргізуші сияқты 200-ге жуық жұмысшысының талабы — айлықты 60 пайызға өсіру. Азық-түлік қымбаттап, тіпті өздері өндірген құрылыс материалының құны өссе де, еңбекақы өзгеріссіз қалған. Ал зауыт басшылығы заңгерлер жалақыға қатысты жаңа келісімшарт жасап жатқанын айтады.

«Азық-түлік бағасын көрдіміздер. Әсіресе, Маңғыстау облысында қымбат. Күннен-күнге өсіп жатыр. Сол үшін бейбіт митингке шықтық. Қауіпті аймақта жұмыс істейміз. Мына цемент дейтін нәрсе пеште қайнайды, мың градууста. Таулы аймақтар бар жүк таситын. Жұмыстың қиындығы былай тұрсын, тіпті зияны жоғары жерде жұмыс істегенімізге де жарытып төлемейді», — дейді зауыт жұмысшысы Асылбек Озғанов.

Жұмысшылар зауыт басшылығына бір жарым ай бұрын хат жазған екен.

«Біз Алматыдағы құрылтайшы «Хейделберг цемент» компаниясының басшысына В.Халатқа хат жазғанбыз. Онда да 30-35 пайызға көтеруді талап еттік. Ол талабымызға мән берген жоқ. Оның орнына жұмыстан шығарамын сес көрсетті. Үкіметке жалақы 200 мыңнан асады деп есеп береді. Шын мәнінде олай емес. 80 мыңнан басталады, жұмысшылардыкі 200 мыңға жетпейді», — дейді зауыт жұмысшысы Самат Айтбаев.



Ал зауыт басшылығы қызметкерлеріне жалақыны көтерудің екі нұсқасын ұсындық дейді. Оның біреуі барлығының айлығына бірдей 48 мың теңге қосу болса, екіншісі 26 мың мен 56 мың аралығында көбейту. Біреуін қабылдап бір шешімге келген соң, келер жылдың жоспарына қоспақ.

«Соның біреуіне тоқталамыз. 2022 жылдың бюджетіне қосымша 150 миллион теңге қарастырдық. Бұл сома еңбекақыны көтеруге бағытталады. Жаңа жылдан бастап жұмысшыларымыз ең аз дегенде 193 мың теңге жалақы алады деп жоспарлап отырмыз», — дейді «Каспий цемент» ЖШС бас директоры Иван Пак.

Зауыт басшылығы жалақыны бұдан артық өсіре алмайтынын айтады. Айтуларыңша, қазір мекеменің заңгерлері арнайы келісімшарт жасап жатыр. Құжат дайын болған соң, жұмыс беруші мен жұмысшылар оны өзара талқылап, ортақ мәмілеге келуі қажет. Бірақ жаңа ереже 2022 жылдың 1 қантарынан бастап күшіне енебек.

М.ХАКНАЗАР

# Біртановтың ұйқамақ мерзімі тағы да ұзарды



Бұрынғы Денсаулық сақтау министрі Елжан Біртановтың ұйқамақ мерзімі тағы 2 айға созылды. Сот күдіктінің өтінішін елемей, осындай шешім қабылдады. Біртанов болса, өзінің кінәлі емес екенін, кінәсін дәлелдейтін деректердің жоқ екенін алға тартады.

Сондай-ақ экс-министр елден қашпайтынын және өзінің

еш кінәсі жоғын да дәлелдейтінін жеткізді. Онымен қоса, жауапты

М.ТӨЛЕУ

# Ұлын өлтірген зейнеткер сотталды

Өз ұлын аяусыз балталап өлтірген зейнеткерге үкім шықты. Қостанай облысының қылмыстық істер бойынша ауданаралық соты 73 жастағы Владислав Грековты соттады. Облыстық соттың баспасөз қызметінің мәліметінше, прокурор айыпталушыға 11 жыл бас бостандығынан айыру жазасын сұраған.

«Сот айыпталушының кінәсін мойындағаны мен істеген қылмысы үшін өкінетіндігін және қылмыстың алкогольдік ішімдік ішіп жасалғаны мен оның егде жастағы адам екенін ескерді. Сот айыпталушыға 9 жыл бас бостандығынан айыру жазасын тағайындады», — делінген хабарламада.

Сонымен қатар сот жәбірленушінің әпкесінің талабын да



қанағаттандырды. Зейнеткер оған 1 миллион теңге көлемінде материалдық және 134 107 теңге көлемінде мүліктік өтемақы төлеуге тиіс. Үкім заңды күшіне енді. Зейнеткер Владислав

Греков өзінің 30 жастағы ұлы Василий Скиданенконы басынан 30 рет балтамен ұрып өлтірген.

М.ЖАЛҒАСҰЛЫ

# «NUR OTAN»: ЖҰМЫССЫЗ ЖАСТАР САНЫ СТАТИСТИКАМЕН СӘЙКЕСПЕЙДІ



**«Nur Otan» партиясы жанындағы Жастарды қолдау жөніндегі республикалық қоғамдық кеңестің кезекті отырысында «Жастар практикасы» бағдарламасының тиімділігінің төмендігі айтылды.**

Кенес төрағасы, Мәжіліс депутаты Мәди Ахметов атап өткендей, соңғы жылдары бағдарламаға 90 мыңға жуық адам қатысып, оның 30%-ы ғана тұрақты жұмыспен қамтылған.

«Мемлекеттік органдардың мәліметінше, 77 мыңнан астам жас қазақстандық жұмыссыз. Сонымен қатар 250 мың жас — еш жерде жұмыс істемейтін және оқымайтын NEET санатындағылар. Бұл ақпараттық талдау сандар төмендетіліп көрсетілген және іс жүзінде жұмыс

істемейтін жастар әлдеқайда көп деген қорытынды жасауға әкеледі. Осы санаттағы жастармен нақты жұмыстың жоқтығы байқалады», — деді Мәди Ахметов.

Өз кезегінде Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі Ержан Біржанов жастар арасында жұмыспен қамту пайызын арттыру үшін осы саладағы қызметтер enbek.kz электронды еңбек биржасы арқылы да көрсетілетінін айтты. Өткен 10 айда электронды еңбек биржасының көмегімен 111 мың адам жұмыссыз ретінде тіркелген, оның 37,8%-ы — жастар.

«Осы жылдың шілде айында skills.enbek.kz қысқамерзімді кәсіптік оқыту сайтына іске қостық. Онда аспаздық, косметология, зангерлік және бухгалтерлік қыз-

меттер сияқты және тағы басқа бағыттар бойынша 91 курс қолжетімді. Портал арқылы барлығы 5 200 жұмыссыз азамат оқыса, олардың 2 300-і жас буын өкілдері», — деді вице-министр.

Осы орайда кеңес мүшелері skills.enbek.kz сайтына кіретіндердің тым аздығын алға тартты.

«Электронды еңбек биржасына кіріп, өзіңіз үшін бос жұмыс орнын табуға тырысып көріңіз. Бұған жарты күн уақытыңыз кетеді. Ал курстарға арналған сайттарыңыз ше? Дәл қазір сыртқа шығып, адамдардан сұрайықшы. Мұндай порталдың бар екенін ешкім білмейтініне сенімдімін», — деді кеңес төрағасы Ержан Біржановқа қарата.

«Атамекен» ҰҚП Адами капиталды дамыту департаментінің

директоры Азамат Бейсенбенев ауылдардағы маман тапшылығы мәселесін көтерді. Мәселен, ауыл шаруашылығы саласы бойынша бітірген түлектердің 7%-ы ғана мамандық бойынша жұмыс істейді.

«Олардың біразы болашақ мамандықтарын білместікпен таңдаған. Бір университетте мал дәрігері мамандығын алған 30 түлектің тек екеуі мамандығы бойынша жұмыс істейді. Сондықтан бұл жерде жұмысшы мамандықтарды дәріптеу бойынша жұмыстар жүргізілуі тиіс», — деді Азамат Бейсенбенев.

Партия баспасөз қызметінің мәліметінше, Жастар кеңесінің мүшелері сайлауалды уәделердің орындалуын бақылауда ұстайды. Биыл «Алғашқы жұмыс орны» жобасы аясында 1,5 мың адам жұмысқа орналастырылып, 7,8 мың жас кәсіпкер өз бизнес-идеясын іске асыруға грант алған, сондай-ақ «Бизнес Бастау» жобасы бойынша 10,5 мың жас азамат оқуға жіберілді.

Жиын қорытындысы бойынша кеңес Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне және басқа да мемлекеттік органдарға бірқатар ұсыным әзірледі. Олардың ішінде халыққа skills.enbek.kz порталы туралы көбірек ақпарат беріп, хабарлар ету, NEET санатындағы жастармен жүйелі түрде нақты жұмысты қолға алу ұсынылды.

Ерке ЕРҚОҢЫР

## АРНАЙЫ МОНИТОРИНГ ЖАСАДЫ

**«Nur Otan» партиясының Павлодар облыстық филиалының Ұлт денсаулығы мәселелері жөніндегі өңірлік қоғамдық кеңес төрағасының орынбасары Айман Оспанованың жетекшілігімен кеңестің онлайн форматта отырысы өтті.**



Күн тәртібінде бірнеше мәселе қаралды: «Nur Otan» партиясының «Өзгерістер жолы: әр азаматқа лайықты өмір» сайлауалды бағдарламасы аясында Жол картасының денсаулық сақтау бағыты

бойынша Тереңкөл ауданына жұмыс тобын бастап барған облыстық қоғамдық кеңестің мүшесі Гүлжанат Джакова баяндама жасады. Сондай-ақ «Сыртқаттанушылық пен өлім-жітімді төмендету»,

«0-1 сатыдағы қатерлі ісіктерді уақытылы анықтау», қатерлі ісіктерді ерте анықтауға скринингтік зерттеулермен халықты қамту мәселелері талқыланды.

Одан бөлек, Жол картасының 2021 жылға жоспарланған жұмыстарының орындалуына қатысты партиялық бақылау жасау, қалалық және аудандық денсаулық сақтау жүйелерін цифрландыру және бағдарламаларды өзара кіріктендіру жай-күйі туралы облыстық Денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбасары Гүлнәр Оспанова баяндалды.

Облыстық Кәсіпкерлік және индустриалды-инновациялық дамыту басқармасының басшысы Ернұр Жәутікбаев мамандандырылған дүкендерде темекі сату, темекі мен темекі бұйымдарын жарнамалаудың барлық түрлеріне тыйым салу мәселесі бойынша баяндама жасады.

«Облыста 8 889 сауда нысаны, 24 базар жұмыс істейді. Өңірдегі 4436 азық-түлік немесе аралас дүкендердің 4 345-і темекі өнімдерін

сатады, сондай-ақ қалыан өнімдерін сататын мамандандырылған 18 дүкен бар. Екібастұз және Ақсу қалалары мен аудандық өңірлерге іссапарға шыққанда темекі өнімдерін орналастыру және жарнамалауға қатысты заңбұзушылықтар анықталған жоқ. Барлық сауда нүктелерінде темекі өнімдері жарнамалаусыз жабық түрде сатылады», — деді Ернұр Жәутікбаев.

Жиналыс соңында қоғамдық кеңес төрағасының орынбасары Айман Оспанова облыстық мониторинг тобының жұмысын қорытындылай келе, Тереңкөл ауданындағы жас мамандарға көтерме жәрдемақының төленбегені, медициналық құрал-жабдықтардың жетіспеушілігі, аудандық ауруханаларда күрделі жұмыстарға өтімнің берілмегені, коронавируспен күресу үшін дәрілік заттардың, дезинфекциялық құралдардың жетіспеушілігі, жеке қорғану құралдарды сатып алу бойынша өтімнің берілмегенін атап өтті.

Би-Барыс КӨКШЕ

**Кеше «Nur Otan» партиясы Шымкент қалалық филиалы жанындағы Экономиканы дамыту және кәсіпкерлікті қолдау жөніндегі қоғамдық кеңестің 10 айда атқарған жұмыстарының есебі тыңдалды.**

## ЭКОНОМИКАНЫ ДАМУ ТУДЫҢ ОН АЙЛЫҚ КӨРСЕТКІШІ



Жиынды «Nur Otan» партиясы Шымкент қалалық филиалы төрағасының орынбасары, фракция жетекшісі Бекайдар Төлегенов ашып, жүргізді. Экономиканы дамыту және кәсіпкерлікті қолдау жөніндегі қоғамдық кеңестің төрағасы Мақсат Абдукаримов атқарылған жұмыстар бойынша есеп берді.

Кеңес отырысында «Nur Otan» партиясының «Өзгерістер жолы: әр азаматқа лайықты өмір!» сайлауалды бағдарламасының 2021-2025 жылдарға арналған қалалық Жол картасының 10 айдағы жұмыс қорытындысы талқыланды. Жыл басынан бері кеңестің 10 отырысы өткізілді, оның ішінде 5-і көшпелі отырыс.

Кеңес жұмысында Жол картасының тармақтарына жауапты Жұмыспен қамту, Еңбек инспекциясы, Кәсіпкерлік және индустриалды-инновациялық даму басқармасы, Ауыл шаруашылығы басқармаларының жұмыстары зерделенді.

Би-Барыс КӨКШЕ

## АУРУХАНА ЖҰМЫСЫ БАҚЫЛАУҒА АЛЫНДЫ

**Науқас балалардың ата-аналары Маңғыстау облыстық ауруханасының жұқпалы аурулар бөлімшесіне шағым жасаған болатын, соған байланысты «Nur Otan» партиясының Ақтау қалалық филиалы төрағасының бірінші орынбасары, қалалық мәслихат депутаты А.Шамшадинова, Ақтау партиялық бақылау комиссиясының төрайымы Айда Балқашбаева, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы кеңес төрайымы Нұрсұлу Сейдалыева тексеру жүргізді.**



Бірнеше ата-ананың айтуынша, сырқаттанған балаларын жатқызатын орын болмағандықтан, олар дәлізде және емдік шаралар бөлмесінде жатуға мәжбүр болған. Тіпті, аурухана асханасы ботқасының ішінен қоныз шыққан.

Мониторинг барысында мекеме аумағының тазалығы, материалдық-техникалық базасы, бөлмелердің санитарлық-гигиеналық, профилактикалық және сауықтыру іс-шараларының сапасы, емделушілердің қауіпсіздігі, тамақтану, бейнебақылау жүйесі, сәбилердің жан-жақты дамуына жасалып жатқан жұмыстар, тағы басқа да зерделенді.

Тексеріс нәтижесінде үлкендерге арналған жұқпалы аурулар ауруханасы ғимаратының күрделі жөндеуді талап ететіні, науқастарға берілетін тағамның нәрсіз, тоназықтықта тұрған дәрі-дәрмектің жарамдылық мерзімі шегіне жеткені анықталды. Кейбір дәрі-дәрмек кіреберістегі елден шашылып жатыр. Сондай-ақ ауруханада санитарлық талап сақталмаған, науқастардың төсек жабығы ескірген.

Анар Шамшадинова бөлімше меңгерушісіне тазалық жұмыстарын күшейтуді тапсырып, алдағы уақытта рейдтік шаралардың тұрақты жүргізілетінін айтты. Ал Маңғыстау облыстық жұқпалы аурулар бөлімінің меңгерушісі,

екінші санатты дәрігер Ж.Кашафанова өз кезегінде жағдайдың ушығып кеткенін, 60 орындық ауруханаға науқас бала көбейіп сыймай жатқанын жеткізді. Әсіресе, 1 жасқа дейінгі балалардың арасында іш өту, қызу көтеріліп кету кеселдері жиі тіркелген. Оның үстіне аурухана ғимараты ескі әрі тар, дәрігерлер жетіспейді.

Айта кету керек, өңірде қазір жұқпалы вирустың, іш өту және қызылша ауруының таралуы өршіп тұр. Маңғыстау облыстық көпбейінді балалар ауруханасының жұқпалы аурулар бөлімшесінің қабылдау бөлмесіне тәулігіне 10-15, кейде одан да көп бала қаралуға келеді. Сондай-ақ күніне 10-20 бала жатып ем алады.

«Бүгінде өңір бойынша қызылшамен ауырғандар саны көбейіп тұр. Біз емделушілер бір аурудан сауығып жатып, екіншісін жұқтырып алмау үшін қолдан келгеннің бәрін жасап жатырмыз», — деді бөлім меңгерушісі.

Мониторинг тобы Маңғыстау облыстық ауруханасының басшылығына анықталған кемшіліктерді жеделдетіп жою керегі жөнінде тапсырма беріп, аталған мәселе толықтай шешімін тапқанша Партиялық бақылау комиссиясының бақылауында болатынын ескертті.

Би-Барыс КӨКШЕ

## МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ ЖАҢА САПАҒА КӨТЕРІЛДІ

**«Nur Otan» партиясының Қостанай облыстық филиалы жанындағы Ұлт денсаулығы мәселелері жөніндегі өңірлік қоғамдық кеңестің отырысы өтті. Отырысқа Қостанай облысы әкімдігі Денсаулық сақтау басқармасының, Қостанай облысы бойынша ӘМСҚ филиалының басшылары қатысты. Жиналысқа Сенім «Денсаулық сақтау жүйесі жұмыскерлерінің салалық кәсіптік одағы» Қостанай облыстық филиалының төрағасы Татьяна Булгацевич төрағалық етті.**

Қоғамдық кеңес мүшелері «Nur Otan» партиясының сайлауалды бағдарламасының Жол картасында көрсетілген нысаналы индикаторларын іске асыру барысы бойынша облыста Денсаулық сақтау саласында атқарылған жұмыстардың 10 айлық нәтижесін қорытындылады.

Жол картасының 3.1-бөлімге сәйкес, «Медициналық қызмет көрсету» сапасын арттырудың 9-тармағын іске асыру бақылауға алған. Мәселен, «Коронавируспен күресуге бағытталған материалдық-техникалық жабдықтау, дәрі-дәрмектермен және жеке қорғану құралдарымен қамтамасыз етудің» 55-тармағына сәйкес 1,015 млрд теңге бөлінді. Оның 468,3 млн теңгесі игерілді. Реанимация бөлімшелері үшін медициналық жабдықтар, дәрі-дәрмектер мен жеке

қорғаныс құралдары сатып алынып отыр.

Медициналық ұйымдарды жоғары технологиялық жабдықтармен қамтамасыз ету мақсатында бюджеттен 1,5 млрд теңге бөлінді. Оның 25,4 млн теңгесіне 6 рентген аппараты, 434,8 млн теңгеге 15 флюорограф, 199,3 млн теңгеге 3 маммограф алынды. Барлығы 659,5 млн теңгеге жабдықтар сатып алынған.

Халықты міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (МӘМС) жүйесіне тарту үшін нысаналы топтармен кездесу өткізіледі. БАҚ-та, әлеуметтік желілерде жұмыс жүргізіледі. Сондай-ақ сыртқы жарнаманы орналастырып, ақпараттық брошюралар, буклеттер таратылды, коммуналдық қызмет түбіртегтерінде МӘМС туралы жадинамалар жазылды, адамдар көп жиналатын жерлерде және



көлікте бейне және аудиороликтерді ротациялау жүргізіледі.

Медицинада жоғары технологияларды қолдануға көңіл бөлінді. Бұл мақсатқа 452,7 млн теңге бөлінді. 2021 жылғы жоспар бойынша 30 қызмет орнына іс жүзінде 386,2 млн теңге сомасына 61 жоғары технологиялық медициналық қызмет көрсетілді. Сонымен қатар тұрақсыз эпидемиологиялық жағдайға

байланысты жыл ішінде скринингтік зерттеу жүргізу тоқтатылған, осыған байланысты медициналық ұйымдардың алдына халықты скринингтік зерттеумен қамтуды ұлғайту міндеті қойылды. Жол картасының нысаналы индикаторларын іске асыру бойынша жұмыс жалғасып жатыр.

Би-Барыс КӨКШЕ



**Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының директоры, филология ғылымдарының кандидаты Анар Фазылжанмен Тәуелсіздігіміздің 30 жылында мемлекеттік тілдің дамуы қандай болды, тілдің бүгінгі ахуалы жөнінде азым-ақылмен сөйлескен едік.**

— Анар ханым, Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығындағы мемлекеттік тілдің ахуалы қандай? Тәуелсіздік тіліміздің дамуына қалай әсер етті?

— Кез келген тіл қоғамда өмір сүреді, қоғаммен бірге жасайды, сонымен қатар қоғам санасының көрсеткіші әрі сол сананы қалыптастырудың әмбебап құралы болып табылады. Сондықтан этномәдени тілдік қауымдастықтың қоғамдық санасындағы барлық үрдістер мен үдерістер тілде проекцияланады, оның барлық көріністерін тілден тауып ала аламыз. Тілтанушы ғалымдар әрбір ұлттық-мәдени қауымдастық өмір сүріп жатқан тарихи кезеңде қалыптасқан тілдің қоғамдық тіршілігінің пафосы (тынысы), этосы (қозғаушы күші) логосы (үні, құралы) болатынын анықтаған. Мәселен, филология ғылымдарының докторы, профессор Нұрғелді Уәли кенестік кезеңдегі қазақ тілінің қоғамдық өмірінің этосы, пафосы, логосын өз зерттеуінде көрсетіп кетеді.

Тәуелсіздік кезеңіндегі тіліміздің тіршілігі мүлде өзгерді. Бүгінгі қазақ тілінің пафосы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Тәуелсіздік бөрінен қымбат» (қаңтар, 2021) атты мақаласындағы Тәуелсіздік жылдарының кезеңдестіруімен және сол кезеңдердің сипатымен дәл сәйкеседі. Осы мақаланың «Бағдар мен белес» тарауында талданған тәуелсіздігіміздің әр онжылдығының өзіне тән тарихи, саяси, мәдени-әлеуметтік сипаты дәл көрсетіліп, бұлай кезеңдестірілуі бірінші рет. Бұл және де тәуелсіз Қазақстандағы мемлекеттік тілдің де даму кезеңдерімен сәйкес келеді: жаңа Қазақстанның іргетасы қаланған алғашқы онжылдықта тіліміздің жаңа мәртебесін бекітудің жүйелі мемлекеттік жұмыстары атқарылды, қоғамның қазақ тіліне деген қозғалысы өзгерді, бұрын мүлде қолданылмаған алаңдардан қазақ тілінің үні шыға бастады, Президентіміз «Қазақ елінің керегесін кенейту» деп атаған Тәуелсіздіктің екінші онжылдығында тіл қолданысы кеңейе түсті, соған сәйкес оның ғылыми-лингвистикалық базасы жетілдірілді, ал үшінші онжылдық қоғамның қазақ тілінің сапалы қолданысына деген өсіп келе жатқан сұранысын қанағаттандыратын аса маңызды шаралармен ерекшеленді.

Тәуелсіздік кезеңіндегі тілдік қауымдастық этосы қалай өзгерді? Егер кенестік кезеңде сөйлеушілердің басым көбі ауызекі сөйлеу тілін қолданатындар болса, бүгінде сөйлеу тілінен басқа әдеби тілдің бір немесе екі стильдік тармағын игерген тіл иелмені саны артып келеді. Әдеби тілдің кодификацияланған нормасын ментерген қауымдастық көбейді. Олардың ішінде тілдің ауызша түрімен қатар жазба түрін де жиі қол-

данатындар саны басым. Шығармашылықпен шұғылданатын, әдеби тілдің ауызша, жазбаша кодификацияланған нормаларын толық игерген бірнеше кітаби стильде еркін коммуникация жасайтын тілдік тұлғалар саны көбейді.

Тәуелсіз еліміз тілінің логосы туралы айтқанда оның портретіндегі мынадай он өзгерістерге тоқталмай кете алмаймыз: 1) тілдің лексика-фразеологиялық жүйесі неологизмдер мен терминдермен қарқынды түрде байыды. Егер бұрын бұл шеттілдік сөздерді «қарызға алу» есебінен болса, енді сөздік қорды байытудың бір көзі ретінде тілдің ішкі әлеуеті жанданды: егемен, абадтану, ғаламдану, ғаламдастыру, жаһандану, жаһаният, демеушілік, демеу, дернәсіл, құрмаласу т.б.; 2) ескі әдеби тілдің лексика-фразеологиялық бірліктерін жаңғырту үрдісі күшейді: сынып, құжат, мәтін, шаршы, шөкіл және т. б.; 3) кеңес дәуірінде қуғын-сүргінге ұшыраған авторлардың, тарихи эпостардың (жыр) және т. б. жаңадан басылып шыққан туынды мәтіндеріндегі лексика-фразеологиялық

*Тәуелсіздік қазақ тілі кеңістігінің құрсаулы жатқан алуан түрлі арнасын ашып берді. Сөйтіп, қазақ тілі экстенсивті ғана емес, интенсивті түрде дамыды. Мұның барлығы этномәдени қауымдастықтың дүниені өз тілінде тануға, жүйелеуге деген ұмтылысының, ұлт болып өмір сүру жасампаз уәжінің көріністері. Осы қуатты құбылыстың бәрін іске қосқан жалғыз фактор — еліміздің тәуелсіздігі.*

бірліктер айналымға ене бастады: ашалаң, ауырдаулет, әліпбиші, емлеші, сандырма және т. б. 4) сөзге абстрактілі мағына жүктейтін сөзжасамдық бірліктер белсенділік алды: жеркүшелік, бірлік, әкімшілік, бәсеңшілік, зангерлік және т. б.; 5) етіс жасаушы аффикстердің сөзжасамдық функциясы күшейе түсті: акпараттандыру, әртараптандыру, айқындамалану, ұлттандыру, демократияландыру және т. б.; 6) бірқатар сөздердің тіркесім валенттілігі артты, олардың семантикалық өрісі кеңейді: бағанның ырықтандырылуы, азаматтық қоғам, бала ұсынымы, төлтума оқулық, бағалы қағаз, кешенді тестілеу және т. б.; 7) лексикаланған сөз тіркестерінің саны едәуір артты: ашық қоғам, азаматтық бірігу, зияткерлік меншік және т. б.; 8) гибриді сөздер саны артты: аудиомәлімдеме, велошабандоз, автошеру, велоспар, метатұрақтық, микрожоба, телеарна, көппалатты, телетіліш, телефонхат, трансұлттық және т. б.; 9) әсері -, көп -, - аралық, - ішілік, - хат, - қағаз, - жай

Анар ФАЗЫЛЖАН:

# Жаңғырған тіл ұлттың жарқын болашағына қызмет етеді

сияқты лексемалардың делексикализациялау үдерісі күшейе түсті: әсерепатриот, әсересактық, әсересәуаттылық, әсересәуаттану, әсерелұтшыл, әсеремемлекетшіл және т. б.; көпвекторлы, көппартиялы, көппалатты, көптомдық, көпбалалық, көптілділік, көптілділік және т. б.; конфессияарлық, ісқағаз, мемлекетішілік, иелікжай, телефонхат және т. б.; 10) дефразеология, яғни кейбір тұрақты тіркестерді әмбебаптандыру үрдісі күшейе түсті: -шылық (- шілік): заң буз (у) + шылық > занбұзушылық;

Тәуелсіздік қазақ тілі кеңістігінің құрсаулы жатқан алуан түрлі арнасын ашып берді. Сөйтіп, қазақ тілі экстенсивті ғана емес, интенсивті түрде дамыды. Мұның барлығы этномәдени қауымдастықтың дүниені өз тілінде тануға, жүйелеуге деген ұмтылысының, ұлт болып өмір сүру жасампаз уәжінің көріністері. Осы қуатты құбылыстың бәрін іске қосқан жалғыз фактор — еліміздің тәуелсіздігі.

— Дамыған деген тілдердің өзіне реформа жасалып жатады. Қазақ тіліне де сондай реформа керек деген ойлар айтылып жүр. Өзіңіз жаңа тіліміз жаңғырды дедіңіз. Олай болса, мұның қажеті бар ма?

— Бұл өте жақсы сұрақ. Әлемдік қауымдастықтағы көшбасшы елдердің тәжірибесін қарайтын болсақ, мұндай реформалардың белгілі бір тарихи кезеңдерде жүзеге асып отырғанын жақсы білеміз. Мәселен, ағылшын, француз, орыс, неміс тілдеріне бірнеше мәрте реформа жасалған. Ағылшын тілінде XIV-XV ғасырларда дауыстылардың дыбысталуындағы өзгерістер жазуда да таңбаланатын болды; нәтижесінде дауысты дыбыс әріптері дифтонг дыбыстардың да таңбасына айналды; 1700 жылы әліпбиге «W» әрпі енгізілді; 1883 жылы Америка филология қоғамы және Америка филология ассоциациясы жазу реформасының 24 жаңа ережесін әзірледі; 1906 жылы кейбір сөздердің жазылуы өзгерді; Ұлыбританияда 1908 жылдан, Америкада 1934 жылдан бастап 1970 жылдардың ортасына дейін сөздердің жазылу ережелеріне оқтын-оқтын өзгерістер енгізіліп келді. Француз тіліне XVII ғасырда түбегейлі реформа жасалды; 1990 жылы емлеге өзгеріс енгізілді, ол өзгеріс 2 мыңға жуық сөзді

түрдегі ея (нея) сөзформасы ея, нея болып ауыстырылды; сөз және сөз бөліктері сонындағы ь таңбасының орнына апостроф қолданылды, 1938 жылы ол алынып тасталды; 1942 жылы «ё» әрпін қолдану міндеттелді. Неміс тілінің емле ережелері 1996 жылы реформаланды; қысқа дауысты дыбыстардан кейін келетін в әрпі ss әрпіне алмастырылды: Fuß — Fuss; бірге жазылатын күрделі етістіктер бөлек жазылатын болды: kennen lernen, Halt machen; іс-әрекеттің уақытын, мерзімін білдіретін қосымшалар бас әріппен жазылды: heute Nachmittag, morgen Vormittag; субстантивтенген сан есімдер бас әріппен жазылады: der Zweite, der Dritte; түбір мен қосымшада қатар келген дауыссыз дыбыстарды созылғынқы қолдануға рұқсат етілді: Bettuch = bet + Tuch; 2006 жылы емле ережелеріне қайта реформа жасалды. 212 емле ережесінің 87-і қысқартылды.

Байқасаңыз, осы айтылған реформаның барлығында тілге жүргізілетін жүйелеу, икемдеу, оңтайландыру шаралары тек жазуды реттеу арқылы іске асырылған. Себебіне тоқталайық. Кез келген тіл ауызша және жазба — екі формада өмір сүреді. Қай тілдің болмасын, ауызша формасын қарасаңыз, стихиялы түрде дамып отыратын, стандарттауға, жүйелеуге келмейтін, мейлінше еркін түрдегі тілдің ерекше реализациясы болып табылады. Ал жазба тіл оған қарама-қарсы, барынша стандартталған, нормаланған, регламенттелген тілдің қолданысы. Сондықтан қандай да бір тілдің коммуникациялық тиімділігін арттыру бағытындағы реформа үшін оның жазба формасының құралдары өзгертіледі, жетілдіріледі. Біздің өмірімізде жазу маңызды рөл алып отыр. Мұны жаһандану үрдісі де күшейте түсті. Жазу теориясының маманы, профессор Құралай Күдерінова өз зерттеулерінің нәтижесінде жазу біздің өмірімізді реттеудің күдіретті құралы болып алды, тіпті жазу өз алдына бөлек сан салалы индустрия ретінде қалыптасып алды деген қорытындыға келеді. Олай болса, жазу қазіргі қазақ тіл иелменінің ақпарат тасқыны дәуіріндегі алуан түрлі коммуникациялық мұқтажын орындау үшін икемді болуы тиіс. Сондықтан біздің тілімізге де реформа қажет-ақ!

— Сонда қазақ тіліндегі реформа қалай жүзеге асырылады?

— Тәуелсіздіктің арқасында тіліміз мемлекеттік мәртебе алып, қоғамның барлық саласында қолданыс ауқымы да кеңейіп, сапасы артып отыр. Дегенмен жаһандану дәуірінде, ақпарат заманында жаһанияттың кез келген өкіліне сияқты, қазақ тілді қауымдастық өкіліне де күніне қаншама ақпараттық мәлімет легін өңдеп, соған сәйкес өз коммуникациялық тактикасын айқындап алуға, оны жүзеге асыруға тура келеді. Бұл үдерістің барлығында да сөйлермен үшін өз дітін орындатудың, коммуникациясын жүзеге асырудың әмбебап құралы қазақ тілі екені белгілі. Олай болса, қазақ тілі қазіргі заманның талаптарына жауап беретіндей неғұрлым оңтайлы болғаны кез келген коммуникацияны жеңілдетеді. Сондықтан жаһандану үдерісіндегі әртүрлі тенденцияны ескеру қажет.

Мысалы, сондай тенденцияның бірі және бірегейі — латындану. Латындану соңғы жылдары әліпби ауыстырып жатқан посткөпестік кеңістіктегі мемлекеттерге қатысты ғана жүріп жатқан процесс емес, ол бүкіл жаһандық әлемге тән. Мысалы, Қытайдың қанша ғасыр бойы қалыптасқан иероглифтік жазуы бола тұра, экономикалық секторында латын әліпбиі кеңінен қолданылады. Сол сияқты жапондардың, көрістердің де брендтері әлемге латын жазуымен танылып отыр. Осы үдеріске жауап ретіндегі біздің әліпби ауыстыру тілтанымдық реформамыз ақиқат дүниеде болып жатқан бір-біріне қарама қарсы, бірақ бізді қамтымай қоймайтын екі үдеріске де лайықты жауап болар еді. Біріншісі — жаһандану: экономикалық, мәдени

әлемдік интеграция. Екіншісі — ұлттану. Сөз жоқ, жаһандану жүрген жерде ұлттану да жүреді. Ал латын әліпбиі негізіндегі жаңа қазақ жазуы ұлттық тілді жаһанданудың да, ұлттанудың да талаптарына жауап беретіндей жаңғыртпақ.

Қалай? Қазақ тілі осы заманғы қауымға ғана қызмет етіп отырған тіл емес. Оның сан ғасырлық тарихы бар. Сол тарихи даму жолында алуан түрлі сыртқы субстраттардың әсеріне түскенін және бір қызығы, сол әсердің шылауында кетпей, керісінше оны өзіне икемдеп, игеріп алғанын тілтанушы ғалымдар жақсы біледі. Әртүрлі тарихи кезеңде қазақ тіліне енген, парсы, араб, моңғол, қытай, орыс сөздердің барлығы өзгеріске ұшырап, тіліміздің төл құралына айналып отырған. Алайда бүгінгі күнге дейін орыс сөздерін өзгертпей жазу осы айтқан тарихи кезеңдерде қалыптасқан тіліміздің модернизациялық ішкі әлеуетін әлсіретіп жіберді. Кирил графикасы негізіндегі әліпбиде бөгде тілдің дыбыстық жүйесін таңбалайтын әріптердің болуы — тіл жаңғыруына кедергінің бірі. Сондықтан латын негізді жаңа әліпбиде төл дыбыстық жүйе бірліктерінің таңбалары алынып, бөгде тілдік таңба барынша азайды, ұлттық емле ережесіне сәйкес таңбаланатын сөз қатары көбейеді.

Сонымен бірге жаңа жазудағы қазақ мәтіндері, әсіресе жаһандық мәдениетке ортақ интертерминдер латын әліпбиін қолданатын әлемдік қауымдастық өкілдері, әсіресе бауырлас түркітілді елдер үшін түсінікті тұрпат алады. Олай болса, мектеп қабырғасында, ана тілінде осы сөздерді оқып, жаттап, оның графикалық образын санасына сіңіріп алған қазақ баласы бұларды ағылшын, француз, неміс, түрік, әзербайжан, өзбек мәтіндерінен көргенде, бірден тани кетеді. Бұл интеграцияланудың, жаһанданудың талаптарына жауап беретін жаңалық болмақ. Мәселен, ОЭСР құрамындағы 38 мемлекеттің 34-і латын графикасын қолданады екен. Демек, көшбасшы экономикалық кеңістікте қазақ тілінде латын әліпбиімен жазылған мәтіндер, осы дамыған елдер үшін мазмұны түсініксіз болса да, графикалық келбеті психологиялық дискомфорт туғызбайды.

Жазу реформасы ұлттану үдерісіне де жауап береді: 5 жастан хат таныған бала енді ана тіліндегі мәтіндерді 42 әріппен емес, 31 әріппен жазып-сызады, тілдің барлық деңгейінде тиімді өзгерістер жүзеге асады. Атап айтсақ, қосам-жар орфографиядан арылып, ұлттық орфография жаңғырады: kompüter, а! nşı, а! kіör; қазақ жазуы әлемдік жазу кеңістігіне енеді: Almaty, Alatau, Zaisan, Saŋaŋaŋa, qazaq; отандық экономикалық дискурс әлемдік алаңда танымал болады: «Rahat», «Dastarhan»; шеттілдік сөздердің тұрпағы түпнұсқа тілге жақын-дайды; кәсіпкерлік қызмет, тауар, марка, атауларды әлемге танымал графика түрімен жазылады; маңдайшалар, ономастикалық атаулар қазақ тілінде жазылады; ауызша сөзде ұлттық акцент жаңғырады: Абай-Abai, Ыбырай-Ibyrai; шеттілдік сөздер ұлттық айтылым нормасына жақындайды: альбом — älböm, Вольт — Völt; шеттілдік ономастикалық атауларды транслитерациялауда түпнұсқаны тікелей басшылыққа алуға мүмкіндік туады: Гондурас (исп. República de Honduras), Гамбург (нем. Hamburg) және т.б.; түпнұсқадан алу көп жағдайда тіліміздің төл заңдылықтарына да бағынады: Бангладеш (брит. [ˌbɑŋɡləˈdeʃ]), Вашингтон (Washington) т.с.с.; аударма ісі жеңілдейді, себебі қазақ тілі мен түпнұсқа тілдегі (ағылшын) термин сөздердің сәйкестігі артады; қазақ жазуының дизайндық алуантүрлілігіне жол ашылады; шетелдік қазақ ирредентасы мен диаспораларының бірегейленуіне мүмкіндік туады. Қорыта айтқанда, жаңғырған тіліміз ұлттымыздың жарқын болашағына жаңа серпінмен қызмет етеді.

Әңгімелескен  
Айым БЕКТҰР

# ҰЛТТЫҚ САНАҚ – ұлт тағдырының айнасы



**Қазақстан тәуелсіздік алғалы халқымызға қатысты көптеген өзгеріс болды. Ол өзгерістер жалпыұлттық санақ нәтижелерінде көрініс береді. Одан, мысалы қоғамымыздағы құрылымдық жаңғыруларды, елдегі демографиялық ахуалды, қазақстандықтардың тұрмысы мен әлеуметтік жағдайын білуге болады. Енді ғалымдар азаттық жылдарындағы үшінші халық санағының қорытындыларын асыға күтіп отыр. Үкімет оны басшылыққа алып, жаңа жоба-бағдарлама әзірлеуге ниетті.**

Айхан ШӘРІП

## ҚҰРДЫМНАН КӨТЕРІЛУ КЕЗЕҢІ

Тәуелсіз Қазақстан тарихындағы 1999 жылғы тұңғыш ұлттық санақ сол кездегі аса қолайсыз әлеуметтік-экономикалық және демографиялық ахуалдан хабар берді: азаматтар жүздеген мыңдық алапат лекпен шетелге ауа көшіп жатты. Өлім-жітімнің артуы, туу көрсеткіштерінің құлдырау салдарынан да қазақстандықтар саны күрт кеміген. Өзге секторлар қатарлы денсаулық сақтау саласының тоқырауы кесірінен ауру көбейіп, халық қатарын сиретуге ол да «үлес қосты». 90-жылдардағы осы үрейлі жағдайды 1999 жылғы 25 ақпан және 4 наурыз аралығында өткен бүкілхалықтық санақ еш әсірелеусіз, ашық тіркеді.

Оның қорытындысында Қазақстанда небәрі 14 млн 953,1 мың адам қалғаны белгілі болды. Яғни, 10 жылда 1 млн 246,1 мың адамға азайды. Өйткені 1989 жылғы бүкілодақтық санақ дерегіне, республи-

ликамызда тұрақты тұратындар 16 млн 464,4 мың, ал уақытша тұрып, жұмыс істейтіндерді қосқанда 16 млн 536,5 мың адам өмір сүрген.

Тұңғыш санақ маңызды бір жайтты байқатты: елдің-жердің иесі саналатын тұрғылықты ұлттың үлесі 1989 жылғы 39,7%-дан 1999 жылы 53,4%-ға дейін артты. 90-жылдары 150 мыңнан астам қандас атажұртқа оралды.

Елдегі саны ең көп ұлттар – қазақтар (8 млн) және орыстар (4,4 млн) екені айтылды. Тәуелсіздіктің алғашқы онжылдығында елдегі қазақтардың үлесі 53,4% ғана, ал орыстар – 29,9% (1989 жылы – 37,8%) болды. Үшінші орынға украиндар (3,6%) орналасты. Өзбектер – 2,5% (2%). Ал немістер саны 3 есеге азайған.

Бұл ретте бір тарихи шешімнің демографияға мультипликативтік әсері мәлім болды. Атап айтқанда, 1994 жылғы 6 шілдеде Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың ұсынуымен Жоғарғы Кеңес, яғни ел Парламенті Қазақстанның астанасын Алматыдан Ақмолаға көшіру туралы қаулы бекіткен еді. 1997 жылы Н.Назарбаев бас қала-

ны ауыстыру туралы түпкілікті шешім қабылдап, бұл идеяны жүзеге асыруға қызу кірісті. Осының арқасында Ақмола қаласындағы қазақтар үлесі 1989 жылғы 17,7%-дан 1999 жылы 41,3%-ға дейін өсіп шыға келген. Қазақтар еліміздің әр өңірінен мемлекетіміздің жаңа орталығына ағылды.

## ЕҢСЕ ТІКТЕП, ЕЛДІК НЫҒАЙҒАН ШАҚ

Арада 10 жыл өткенде, 2009 жылғы 25 ақпан мен 6 наурыз аралығында егемендік тарихындағы екінші санақ ұйымдастырылды. Ол Қазақстан халқының өсуіне басты екі фактор да – табиғи өсім мен көші-қонның оң салдосы да оң ықпал етіп отырғанын паш етті. Осылайша, республикада XX ғасырдың соңында оқиғалардың өрбу барысын айқындаған демографиялық үрдістердің енді елеулі түрде өзгергенін, XXI ғасырда ел дамуының жаңа трендтері қалыптаса бастағанын көрсетті. 2009 жылғы санақ қорытындысында қазақстандықтардың саны қайтадан 16 миллиондық межені бағындырып, 16 млн 9,6 мың адамға жетіпті: 10 жыл ішінде халық саны 1 млн 28,3 мың адамға көбейген. Жалпы, соңғы 50 жыл, жарты ғасыр ішінде қазақстандықтар саны 6,7 миллионға өсіпті.

Қатары қалың ұлт өкілдері ретінде қазақтар (10,1 миллион) және орыстар (3,8 млн) аталды.

Қазақтардың үлесі 1999 жылғы 53,4%-дан 2009 жылы 63,1%-ға де-

йін өсті. Орыстардың үлесі 29,9%-дан 23,7%-ға дейін (4 млн 481,1 мыңнан 3 млн 793,8 мыңға дейін) құлдырады. Үштікке өзбектер кірді: үлесі 1999 жылғы 2,5 пайыздан (370,8 мың адамнан) 2009 жылы 2,9 пайызға (457 мыңға) ұлғайды. Елде кезінде орыстардан кейінгі ірі диаспора саналған украиндар үлесі 3,6 пайыздан (547,1 мыңнан) 2,1 пайызға (333 мың адамға) дейін кеміді. Өзге этностардың үлесі 1,5 пайызға да жетпеген.

Ел тарихындағы екінші санақтың ғалымдар мен сарапшыларды қайран қалдырған бір нәтижесі – қала тұрғындары үлесінің 56,4%-дан 54,1%-ға дейін күрт кемуі, ал ауылдықтар үлесінің 10 жыл бұрынғы 43,6%-дан енді 45,9%-ға дейін ұлғаюы болды. Зерттеушілердің байламынша, адамдар ежелден ұлттың асыраушысы болған ауылға бет бұрса керек.

Алдыңғы санақтан бері ауылдықтар саны 821,7 мыңға артқан. Жалпы алғанда, қала тұрғындарының саны 8 млн 662,4 мыңды, ал ауыл тұрғындарының саны 7 млн 347,2 мың адамды құрады.

Дегенмен биылғы 2021 жылғы санақ урбанизациялану процесінің белен алғанын растайды деп күтілуде. Себебі Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросының қазандағы дерегіне, бүгінде қалалықтар үлесі – 59,3%, ауылдықтар үлесі – 40,7%. Бірақ санақ қорытындысында бұл көрсеткіш түзетілі мүмкін.

Өйткені Ұлттық статбюроның ресми сайтында 2021 жылғы 1 қыркүйекте Қазақстан халқының саны 19 млн 42,1 мың адамды құрайтыны жазылған. Ал жалпыұлттық санақтан 19,6 миллион адам өтіпті. Оның ішінде бір бөлігі – мигранттар болуы мүмкін: биылғы санақпен елімізде тұрақты тұрып, жұмыс істейтін шетелдіктер де қамтылды.

Сарапшылардың айтуынша, XXI ғасырдағы бірінші санақтың тағы бір тосын нәтижесі болды: ол Қазақстанда 57,3 мың азаматтығы жоқ адамның тұрып жатқанын анықтап берді. Бұл – ел халқының 0,4 пайызы. Олар негізінен келмеске кеткен КСРО паспорттымен жүргендер, тәуелсіз Қазақстанның азаматы атанғысы келмегендер.

## ТІЛ МЕН ДІННІҢ ЖАҒДАЙЫ

Биылғы санақтың қоғам күтіп отырған қорытындылардың бірі, әрине тілге қатысты болмақ. Қазір қанша қазақстандық мемлекеттік тілді біледі? Айта кету керек, 2009

жылғы санақ бойынша азаматтарымыздың 9 млн 631,3 мыңы немесе 64,4%-ы ғана қазақ тілін білетінін айтқан. Бірақ оның 1 млн 123,6 мыңы немесе 11,7%-ы нашар білетінін мойындапты.

5 млн 321,8 мың қазақстандық немесе 35,6%-ы мемлекеттік тілді мүлдем білмейді. Соның ішінде тек 2 млн 29,6 мыңы немесе 13,6%-ы ғана қазақ тілін үйренуге талап қылып жүрген. Қалғаны оны қажет деп таппаған. Мемлекеттік тілді білетіндер қазақтар арасында (99,4%-ы біледі), ұйғырларда (80,5%), өзбектерде (80%) көп.

2009 жылы «3С» санақ парағында респонденттерден «қазақ, орыс, ағылшын тілдерін қай деңгейде меңгергенсіз?» деген сауалға «ауызша түсінемін, еркін оқимын, еркін жазамын» деген үш жауаптың бірін таңдау ұсынылатын.

Содан бері жағдай жақсы жаққа қарай өзгерген шығар деген үміт бар. Қаншалықты және қай жаққа өзгергенін жаңа санақ қорытындысы көрсетеді. Оның үстіне, биылғы «жалпыхалықтық сауалнамада» тілге қатысты сұрақтар мейлінше нақтыланды. Бұл жолы «Сіз мемлекеттік тілді меңгергенсіз бе?» деген сауалмен шектелмей, «Сіз оны күнделікті өмірде қолданасыз ба?», «Қазақ, орыс, ағылшын тілдерін меңгеру деңгейіңіз: ауызша түсінемін, еркін оқимын, еркін сөйлеймін, еркін жазамын, меңгермегенмін», «Қазақ, орыс, ағылшын тілдерін үйренуді жоспарлайсыз ба?» деген қосымша сұрақтар қосылды. Демек, қазақстандықтардың мемлекеттік тілді меңгеру деңгейіне қатысты нақтырақ, толымдырақ ақпарат алынады. Оның нәтижесі тілді дамыту туралы жаңа ұлттық жоспарға түрткі болса жөн.

Назар аударар жайт, 2009 жылғы санақ нәтижесінде ел халқының 70,2%-ы Ислам дінін ұстанатыны мәлім болды. 26,2%-ы – христиан дінінде. 0,1%-ы буддизм, қалған конфессиялар – 0,2%. Кеңес заманында халық атеизмге тәрбиеленді. Алайда Кеңес Одағы күйрегеннен кейін 20 жылдай уақыт өткенде атеистер үлесі 2,8% ғана қалыпты.

Түсіндіре кетсек, 1999 жылғы санақ парақтарында азаматтың қандай діннің жамағаты екеніне қатысты сұрақ болмаған.

## САНАҚТЫҢ BIG DATA-сы ЖАҢА БИІККЕ БАСТАЙДЫ

Тәуелсіздік тарихындағы үшінші халық санағының негізгі кезеңі «Қазақстанда әркім маңызды!»

деген ұранмен 1 қыркүйек пен 30 қазан аралығында өтті. Дегенмен санақтан онлайн өту мүмкіндігі 8 қарашаға дейін қолжетімді болды. Осының алдында санақтың бірінші бөлігінде азаматтар сұрақтарға өз бетінше жауап береді, ал екінші бөлігінде 15 қазаннан бастап онлайн қамтылмаған отбасыларға санақшылар барады деп жоспарланған.

«Ел азаматтарының көптеген өтінішіне орай бюро онлайн санақты қайта қосу туралы шешім қабылдады. Ол халық санағының соңына дейін қолжетімді болды», – деп мәлімдеді Ұлттық статистика бюросы.

Ал 8 қараша күнгі сағат 00.00-де Қазақстанда «Халық санағы-2021» аясында жүргізілген нақтылау жұмыстары аяқталды. Негізгі кезең және нақтылау жұмыстары қорытындысы бойынша санаққа жалпы саны 19,6 миллионнан аса адам қатысты.

Бүгінде Ұлттық статбюро деректерді өңдеуге білек сыбана кірісіп кетті.

Жоспарға сәйкес, ауқымды ісшараның алдын ала қорытындылары 2021 жылдың желтоқсан айында жарияланатын болады.

Жалпы, биылғы санақ аясында елімізде тұрақты тұрып жатқандардан өзге, 12 айдан аса уақытқа шетелге іссапармен шыққан отандастар, яғни Қазақстанның елшілері, дипломаттары, еліміздің шетелдегі өкілдіктерінің қызметкерлері мен олардың отбасы мүшелері, қазақстандық еңбек мигранттары, «Болашақ» бағдарламасының студенттері, шетелде жүрген туристеріміз, сондай-ақ уақытша Қазақстанда тұратын шетелдіктер, азаматтығы жоқ адамдар мен босқындар санақтан өтті.

Ел тарихында тұңғыш рет санақ элктронды форматта ұйымдастырылды. Алғаш рет қағаз санақ парақтарынан толығымен бас тартылды. Азаматтарға санаққа онлайн қатысуға мүмкіндік берілді.

Нәтижесінде, респонденттердің 42%-дан астамы дәл осы тәсілді таңдаған. Алғаш рет интервьюерлер сұраққа жауаптарды планшет көмегімен тіркеді.

Сарапшылардың байламынша, бұл санақ бірқатар қаланың даму жоспарлары мен бағдарламаларына түзету енгізуге түрткі болуы мүмкін. Мысалы, қазір Алматы қаласында 2 005 496 адам тұрақты тұрады деп есептеледі. Алайда санаққа осы мегаполисте тұратын 2 млн 200 мыңдай адам қатысқан.

Статорман мәлімдеуінше, санақ нәтижесінде қол жеткізілетін өзекті, мол ақпарат пен үлкен деректер (Big Data) елде тиімді мемлекеттік саясатты жетілдіруге көмектеседі, сондай-ақ алдағы 10 жыл бойы экономикалық жоспарлау мен бағдарлама құру кезінде пайдаланылады.

# ҚЫЗЫЛОРДА – ЖЕТІМДЕР ҮЙІ ЖОҚ ӨҢІР

**Еліміз Тәуелсіздік алған шақта балабақшалардың дені жекеге өтіп, бүлдіршіндер мектеп табалдырығын аттағандарша уақытын үйде өткізетін еді. Тіпті, білім ошақтарында оқулықтар тапшылығы болып, 2-3 оқушы бір кітапты пайдалануға мәжбүр болатын. Тәуелсіз елдің білім жүйесі көпке дейін кеңестік жүйенің соқпағымен жүрді. Мектептер 3 ауысымдық уақытпен жұмыс істеп, тар әрі салқын сынып сол кездегі ұстаздар мен оқушылардың есінен шыға қоймаған болар...**

Ал қазір жас ұрпақтың білім алуына барлық мүмкіндік бар. Бұрынғы балабақша кезегінде тұрған балалардың кезегін күткен күйі мектептен бірақ шығатын заманы келмеске кетті. Оқушылар қалаған мектебінен білім ала алады.

Сөзіміздің дәлелі ретінде Сыр өңіріндегі мектепке дейінгі балаларды балабақшамен қамту жоспары 2015 жылдың өзінде орындалғанын айта кеткен жөн. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен жүзеге асқан «Балапан» бағдарламасы аясында Қызылорда облысы республика бойынша ең алғаш болып 3 пен 6 жас аралығындағы балаларды 100 пайыз бөбекжаймен қамтиды.

Мемлекеттік жекеменшік әріптестік аясында жоғарыда аталған аймақ жекеменшік балабақшалардың үлесін жыл сайын арттырып, бүгінде мектепке дейінгі білім беру мекемелерінің 72 пайызын құрады. Жалпы, облыста Тәуелсіздік алғаннан бері бүгінгі күнге дейін 414 жеке балабақша ашылған.

Сонымен қатар Қызылорда облысында тәуелсіздік алған жылдан бастап осы кезеге дейін жаңа 164 мектеп ғимараты пайдалануға берілген. Оның ішінде 24 жаңа мектеп ашылған. Нәтижесінде, 36

апатты және 7 үш ауысымда оқитын мектептердің мәселесі шешімін тапты.

Қазір білім беру ұйымдарының материалдық-техникалық базасы да нығайып келеді. Облыстағы мектептердің 65 пайызы жаңа модификациялық физика, химия, биология кабинеттерімен жабдықталған. Сондай-ақ 124 мектеп робототехника кабинеттерімен жарактандырылыпты. Барлық мектептің компьютерлік паркі 100 пайыз жанартылған және интернет желісіне қосылған көрінеді.

Халқымыздың жиі айтатын «жетімін жылатпаған ел» сөзі осы Сыр өңіріне арналғандай. Өңірде 2015 жылы жетімдер үйі жабылды. Оның орнына 80 орындық отбасы үлгісіндегі «Атамекен» балалар ауылы жұмыс істейді. Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар осында қамқоршымен бір отбасымен өмір кешеді.

Әлемге әйгілі ғарыш айлағы Ресей мемлекетіне жалға берілгені бері Байқоңыр қаласындағы оқушылар көрші елдің білім бағдарламасы бойынша білім алып келген болатын. Сол кезде ондағы балалар «мемлекетіміз – Ресей, астанамыз – Мәскеу» дейтін ұстанымда еді. Үкіметаралық келісімнің негізінде 2015 жылы Байқоңыр қаласында 6 мектеп және 1 балабақша КР стандарты бойынша білім беру үдерісіне көшті.

Сонымен қатар 2015 жылы «Назарбаев зияткерлік мектептері» ДББҰ мен Қызылорда облысы әкімдігі арасында өзара әріптестік жөнінде меморандум жасалды. Осы меморандум аясында облыста Назарбаев зияткерлік мектептерінің тәжірибесі таратылатын 46 инновациялық мектеп ашылды.

Бүгінде Қызылорда облысының білім беру саласындағы тың жобалары көпке үлгі ретінде ұсыныла бастағанын айта кеткен жөн. Мәселен, 2015 жылдан бастап БҰҰ «ЮНИСЕФ» балалар қорымен бірлесіп «Кәмелетке толмағандар арасындағы суицидтер превенциясы» пилоттық жоба-



сы енгізіліп, Қызылорда облысының үздік тәжірибесі халықаралық дәрежеде таратылды.

Республикалық «Үздік педагог» конкурсының қорытындысы бойынша 2013 жылдан бастап 2020 жылға дейін облыстың 19 педагогіне «Үздік педагог» атағы берілді. Ұстаздардың осы жетістікке жетуіне 2016 жылдан бастап мектептер кезең-кезеңімен жаңартылған білім беру мазмұнына көшуі оң әсер еткен болса керек-ті. Аймақтағы педагогтердің 98 пайызы жаңа бағдарлама бойынша курстан өткен.

Өңірдегі мектептердің жұмысын арттыру бағытында жергілікті бюджет есебінен соңғы 8 жыл ішінде «Үздік орта білім беретін ұйым» гранттық жобасы жүзеге асырылып келеді. Осыған дейін ынталандыру мақсатында бөлінген грант көлемі 17 млн теңгеге жетті.

Сыр өңірінің ұстаздары «жас ұрпаққа жасалған қолдау – болашаққа салынған инвестиция» деген ұстанымды берік ұстанған. Өңірде талантты және дарынды

жастарды қолдау мақсатында Қызылорда облысының Білім басқармасының «Дарын» қосымша білім беру орталығында облыстық, республикалық, халықаралық байқаулар мен конкурстар жеңімпаздарының «Сыр дарыны білімділер академиясы» жұмыс істейді. Дарынды балалар академияда әр оқу тоқсаны арасындағы демалыс уақытында үш кезең бойынша білімдерін одан әрі шыңдап, математика, физика, химия, биология, информатика пәндерінен озат ұстаздардан 2 тілде дайындық жұмыстарына қатысады.

Өткен жылы пандемия жағдайында да қызылордалық мұғалімдер білім беруді тоқтатпай, тығырықтан шығар жол таба білді. Жаңа «Онлайн жаз» жобасы аясында балалардың жазғы демалысын қашықтан ұйымдастыру бағытында Instagram әлеуметтік желісінде Online\_vacation\_qzo паракшасын ашып, балаларға жазғы демалысты тиімді өткізу жобасын іске асырды. Жобаны балалардың жазғы демалысының тиімді және оңтайлы ұйымдастыру бо-

йынша ҚР БҒМ Балалардың құқықтарын қорғау комитеті мақұлдап, еліміздің өзге аймақтарына тәжірибе ретінде таратылды. Осының арқасында 2021 жылы республикалық «Ұлттық мектеп лигасы» аясында жарыс түрлері бойынша облыс құрамасы 1 орын иеленді.

Жоғарыда жүйелі жұмыстардың жүзеге асуының арқасында соңғы 10 жылда халықаралық және республикалық олимпиадалар мен ғылыми жоба конкурсында 500-ге жуық оқушы жүлделі орындарды жеңіп алған.

Еліміз тәуелсіздігін алған 1991 жылдан бері кәсіптік білім беру саласы бойынша қабылданған білім туралы заңның, мемлекеттік бағдарламалардың нәтижесінде кәсіптік білім беру саласына модернизациялау жұмыстары жүргізіліп келеді. Атап айтқанда, 2017 жылдан бастап жастардың жұмысшы кәсіптерін тегін алуына мүмкіндік беретін «Баршаға арналған тегін кәсіптік-техникалық білім», «Мәңгілік ел жастары-индустрияға» «Серпін-2050», «Еңбек», «Жас маман» бағдарламалары сәтті іске асуда. Атап айтқанда, 2015-2021 жылдар аралығында Қазақстанның үздік техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының қатарына облыстан 7 колледж енді.

Жас ұрпаққа тек білім беріп қана қоймай, оларды еңбекке баулу да білім жүйесінің бір тармағына айналды. Осы мақсатта аймақта «Жасыл мектеп» жобасы іске асады. Қазір 13 мектепте жылыжай бар. Оның 5-еуі Қызылорда қаласында, 3-еуі Арал, 1-еуі Қазалы, 1-еуі Шиели ауданы, 1-еуі Сырдария, 1-еуі Қармақшы, 1-еуі Жаңақорған ауданында орналасқан. Оқушылар мен ұстаздар жылыжайда өнімдерді баптап, түрлі көкөніс өнімін өндіруге ниетті. Жұмысты жандандыру үшін мектеп оқушылары ғылыми бағытта түрлі идеяны тәжірибеге енгізіп көруді бастап кетті.

**Ерқанат СӘРСЕНБАЙҰЛЫ,**

*Қызылорда облысы*

# «Сұр» майнерлермен күрес басталды

(Басы 1-бетте)

Нұрлан ҚОСАЙ

Министрлік өкілдерінің айтуынша, бүгінде электр энергиясын тұтыну көлемі елімізде қатты өсіп кеткен. Мәселен, бұған дейін бұл көрсеткіш жыл сайын әрі кетсе 2%-ды құрайтын болса, биыл 10 айда ол аномальды өсім көрсетіп, 8%-дан бір-ақ шыққан. Бұл жерде 1 000-1 200 мегаВатт туралы сөз болып отыр.

«Мәселен, ондай электроэнергияны өндіру үшін кемінде 5 жыл керек немесе 1-1,5 млрд доллар қаржы қажет. Бұл қарайған шығын. Ал бұлай жалғаса беретін болса, ерте ме, кеш пе елімізде электр энергиясының тапшылығы пайда болуы мүмкін. Әзірге ондай тапшылық жоқ. Қазақстанның энергетикалық жүйесі тұрақты жұмыс істеп тұр. Сондықтан да энергоқауіпсіздік бірінші орында болуы тиіс», — деді Орталық коммуникациялар қызметінде брифинг өткізген Энергетика бірінші вице-министрі Мұрат Жүребеков.

Вице-министрдің айтуынша, елімізде заң бойынша техникалық

шарт алып, параметрлерге сәйкес рәсімделіп, ресми тіркеліп жұмыс істеп жатқан 50-ге жуық майнинг дата-орталықтары бар екен. Оларға кояр кінә жоқ. Мәселе ай сайын көбейіп бара жатқан «сұр» майнерлерде. Занды айналып өтіп, қызметін бүркемелейін мұндай «көленкелі» субъектілер негізінен Қытайдан қашқан фермалар.

## «АК» МАЙНЕРЛЕР ЗАРДАП ШЕКПЕУІ ТИІС

Желіде ашық талқыға түсіп жатқан Энергетика министрлігі бұйрығының жобасында «ак» майнерлерді қапаландырып отырғаны — олардың электр қондырғыларының тұтыну көлеміне 2 жылға 100 мегаВаттық лимит қою идеясы. Мұнымен келіспеген олар заң жобасына өздерінің өзгерісін ұсынды.

«Лимит қою — мәселенің шешімі емес. Өйткені «көленкеде» жүрген заңсыз майнерлердің өзі жылына 300 мегаВатт тұтынады. Сондықтан негізгі кәсіп түрімен бүркемеленіп Bitcoin өндірумен де ұрланып айналысатын «сұр» майнерлердің кесірінен «ак» майнерлер зардап шекпеуі тиіс. Ол үшін қалалардың, ірі елді мекендердің маңында майнинг фермаларын ашуға тыйым салу керек. Өйткені

олар міндетті түрде аймақтық ішкі электр желілеріне қосылады. Одан соң электр өндіретін кәсіпорындарға өз қажеттіліктері үшін алып қалатын энергияны цифрлық майнингке жұмсауға нақты тыйым салатын уақыт жетті. Тағы бір ұсынысымыз — кәсіби қызметі басқа кәсіпорындардың аумағына цифрлық майнинг орнатуға тыйым салу қажет. Майнинг дербес кәсіп түрі болып бекітіліп, мемлекет онымен қосымша айналысуға рұқсат етпеуі тиіс. Өйткені зауыт аумағында тұрған мұндай фермалар оның коммуналдық ресурстарына ортақтасады да, оның шығыны түптеп келгенде зауыттың шығаратын өнімінің өзіндік құнына мінеді. Бұл тек еліміздің энергетика саласына емес, қазақстандық тауарлардың бәсекелестік қабілетіне, ал түптеп келгенде экономикаға зиянын тигізеді», — дейді Блокчейн және дата-орталықтар мен технологиялар индустриясы қауымдастығының төрағасы Алан Дорджиев.

Бүгінде бұл қауымдастыққа еліміздің индустриалды-цифрлық майнинг нарығының 70%-ын құрайтын ірі компаниялар кіреді. Олар еліміздің энергетика секторына сараптама жасап, бұл ұсыныстардың майнингке жұмса-



латын электр энергиясын 35%-дан астам үнемдеуге, яғни 300 мегаВатт қалға болатынын айтып отыр. Сондай-ақ қауымдастық өкілдері тұтыну артқан сағаттарда электр энергиясын сырттан сатып алуды ұсынады. Бұл веерлік сөндірулерді болдырмауға, сол арқылы майнинг фермаларына қажетті тоқты шектемеуге және жанадан ферма ашамын немесе фермасын кеңейтемін деушілерге мүмкіндік бермек.

## БЮДЖЕТКЕ ҚОСЫМША 650 МЛН ТЕҢГЕ САЛЫҚ ТҮСЕДІ

«Импорт тартудан ішкі тарату желілерін транзиттік пайдаланғаны үшін мемлекеттік бюджетке 1,2 млрд теңге көлемінде ай сайын кіріс түспек. Ал 2022 жылдан бас-

тап майнинг өндірісіне 1 киловатт/сағат үшін салынатын 1 теңге салық ел қазынасына айына тағы да қосымша 650 млн теңге құймақ. Бүгінде «көленкелі майнингтің көзін құрту үшін мемлекет пен заңды майнерлер арасында тығыз байланыс орнауы қажет. Сол мақсатта біз «ак» майнерлердің ресми тізілімін енгізу қажеттігін бірнеше рет көтердік. Сонда осы саланы қадағалап отыру өте жеңіл болады», — деп түйіндеді Алан Дорджиев.

Мамандар жыл сайын блокчейн-технологиялар индустриясынан мемлекет бюджетіне 127,5 млрд теңгеден астам кіріс түсетінін айтып отыр. Сондықтан да бұл ақпараттық өнеркәсіпті дамыту үшін алдағы бес жыл ішінде салаға 500 миллиард теңге көлемінде

инвестиция тарту көзделуде. Энергетика министрімен өткен жиын қорытындысында Бірлескен хаттамаға қол қойылды. Соған сәйкес тараптар еліміздің Біртұтас электр энергетикалық жүйесінде электр энергиясы мен қуатының тапшылығы туындаған кезде халыққа және әлеуметтік объектілерге арналған электр энергиясын шектеуге жол бермеу туралы, теңгерімдеуші нарықты (demand-response) іске қосу туралы заңнамалық актіні қарауды және қабылдауды жеделдету туралы, электр энергиясын сатып алуға кепілдік бере отырып, «ак» майнерлерге қатысты (off-take келісімшарттары) Қаржы-есеп айырысу орталығы арқылы жаңа ірі ЖЭО жобаларын дамыту үшін инвестициялар тарту туралы келісті.

# Білезікпен бақылай аламыз ба?



**Бірнеше жылдан бері жыр болып, жауыр болуға айналған педофилдерге арналған білезік келер жылдан бастап қолданысқа берілмек. Алайда жұртшылық білезікке кететін құруар қаржыға алаңдамайды, тек балалардың қауіпсіздігін қорғай алатынына күмәнмен қарайды. Білезік педофилдердің барлығына бірдей тағыла ма? Құқық қорғау органдарының қызметкерлері бостандықтағы әр азғынның аяқ алысын аңдып жүруге тиіс пе?**

Жадыра МҮСІЛІМ

Осы күні баласының амандығын ойлайтын ата-ана күндіз күлкіден, түнде ұйқыдан айырылды. Өйткені күн сайын бүлдіршіндердің болашағына балта шапқандардың азғындық әрекеттері туралы жаға ұстататын сұмдық оқиғаларды еститін болдық. «Өгей өгейлігін істейтініне» құлақ үйренген болса, өкінішке қарай, туған әкесінен азғындық көргендердің саны да артып келеді. Тіпті, ата сақалы аузына түсіп, Пайғамбар жасына жеткендердің де жіргенішін тірілкілеріне тоқтау салу қиын болып барады. Мәселен, биылғы тоғыз айдың өзінде елде көмелет жасқа толмаған балаларға қатысты жасалған 1689 қылмыстың 201-і зорлау дерегі бойынша тіркелген. Ал сексуалдық сипаттағы зорлық-зомбылық әрекеті бойынша 179 факті тіркелсе, он алты жасқа толмаған адаммен жыныстық қатынас немесе сексуалдық сипаттағы өзге де әрекеттерге бару бойынша 264 қылмыс белгілі болып отыр.

Азғындық әрекеттері үшін абактыда отырып, жазасын өтеп келгендердің де қатарында бұрынғы қылмысын қайта қасайтындар жетерлік. Есте болса, 2018 жылдың 1 қаңтарында көмелеттік жасқа толмағандарға жыныстық сипаттағы қылмыс жасағандарды химиялық жолмен піштіру ресми түрде рұқсат етілген-ді. Оның артында қазақстандық Үкіметтік емес ұйым өкілдері екі жақтың татуласуына байланысты адам зорлауға қатысты қылмыстық істердің қысқартылуын доғаруды және педофилдер мен адам зорлағандарды өмір бойы бас бостандығынан айыруды сұраған. Алайда химиялық кастрацияның өзі қасқүнемдерге қорқыныш әкеле қойған жоқ. Өйткені медицина мамандары химиялық піштірудің күші ұзаққа бармайтынын айтты. Ендігі жерде еліміз өзге елдерде бұрыннан қолданылып келе жатқан сотталып шыққан педофилдерге білезік беріп, олардың не істеп жүргенін бақылауға алатын тәжірибені де сынап көрмек.

## ЕКІ МЫҢНАН АСА ПЕДОФИЛ БАР

Жақында Ішкі істер министрі Ерлан Тұрғымбаев келесі жылдан бастап Қазақстанда 300-ден астам педофилге электронды білезік тағылатынын айтқан болатын. Пилоттық жоба аясында 80 адамға электронды білезік тағылады. Бұл үшін 356 миллион теңге қаражат бөлінді. Ал ІІМ Қылмыстық атқару жүйесі комитетінің төрағасы Жанат Ешмағамбетовтің айтуынша, республикада бас бостандығынан айыру мекемелерінде 2 мыңнан астам педофил жазасын өтеп жатыр. Пробациялық

есепте 330 адам бар. «Келесі жылдан бастап пробациялық есепте тұрған педофилдерге электронды білезік тағылады. Биыл біз пилоттық жобаны басталдық. Жүйе Нұр-Сұлтан қаласының пробация қызметінде тестілік режимде іске қосылды. Қазір жеті адамға осындай білезік тағылды. Ал келесі жылдан бастап барлық 330 педофилге тағамыз», — дейді ол. Қылмыскерлерді бақылау білезіктері жалға алынады. Себебі педофилдерге тағылатын құрылғы тым қымбат тұрады. Сондықтан комитет келер жылы конкурс өткізеді. Білезіктерді осы конкурс бойынша ұялы байланыс операторларынан алынбақ. Қазір министрлік Билайн компаниясымен пилоттық жоба бастапты. Әзірге белгілісі, педофилдерді сол компанияның желісі арқылы қадағалайды және бір электронды білезіктің ай сайынғы төлемі 10 мың теңге. «Бір білезіктің бағасы 200 мың теңге және одан жоғары. Сондықтан бізге оны жалға алған тиімді. Алдын ала есеп жүргізілді. Бір электронды білезікті жалға алу оның сервистік қызметін, батареясын ауыстыру сияқты дүниелерді ескергенде, айына 10 мың теңгені құрайды», — деді Жанат Ешмағамбетов. Оның сөзінше, электронды білезік педофилдің жүрген жерін тіркеуге мүмкіндік береді. Егер педофил пробациялық бақылау шарттарын бұзса, полиция қызметкерінің планшетіне сигнал келеді. Сондай-ақ комитет басшысы білезікті қолдану тәртібін бұзғандарға бірінші ескерту жасалады, егер педофил екінші рет бұзса, пробациялық бақылауды бас бостандығынан айыру жазасына ауыстыру туралы өтінішпен сотқа жүгінетіндерін жеткізді.

Айтуынша, пробациялық бақылау шарттары әртүрлі болады. Қолданыстағы заңнамаға сәйкес, сот үкімімен белгілі бір орындарға баруға тыйым салу, түнгі уақытта үйден шығуға тыйым салу, пробация қызметіне хабарламай тұрғылықты жерінен тыс жерге шығу секілді шектеулер қойылуы мүмкін. Мәселен, кейбіреуіне түнде үйден шығуға тыйым салынса, енді біріне балалар көп шоғырланған жерлерге жақындауға болмайды. Сонымен қатар, электронды білезіктер басқа да қылмыс жасаған, пробациялық бақылау шарттарын бұзған адамдарға да тағылуы мүмкін. Бүгінде олардың саны шамамен 2,5 мың адамға жетіп отыр. «Бірінші кезекте электрондық білезіктер жыныстық тиіспеушілікке қарсы қылмыстары үшін сотталғандарға және жазаны өтеу шарттарын үнемі бұзатындарға қолданылатын болады. Қалған сотталғандар үшін мобильді құрылғыларда арнайы қосымшаны пайдалану көзделді. Қажетті жабыдықтар жалға беру негізінде пайдаланылады, бұл оған қызмет көрсету шығындарын айтарлықтай азайтуға мүмкіндік береді», — деп түйіндеді Жанат Ешмағамбетов.

## ПОЛИЦИЯ ПЕДОФИЛДЕРДІ БАҚЫЛАУҒА АЛУҒА ДАЙЫН

Нұр-Сұлтан қаласы Алматы ауданы Полиция басқармасы жергілікті полиция қызметінің бөлім бастығы, полиция подполковнигі Канат Нысантаев қазір тиісті қызметті қамтамасыз ету және электрондық платформаны қолдана отырып есепте тұрған адамдардың орналасқан жері туралы ақпарат алу жұмыстары пысықталып жатқанын жеткізді. Сонымен бірге интернет желісі арқылы қолжетімді GSM, GPS стандарттары арқылы ұялы байланыс желісіне негізделген VPN виртуалдық жеке желісі негізінде деректерді беру, білезіктердегі деректерді алу қызметін ұйымдастыру жұмыстары жүргізілуде.

«Біздің тарапымыздан білезіктердің жұмысы көрсетіліп, туындауы мүмкін кемшіліктерін қарастырып шықтық. Өзіміздің ұсыныстарымызды бердік. Қазір тиісті ұсыныстар қабылданып, ол бойынша жұмыстар жүргізілуде. Мысалы, білезіктердің бауы қатты болғандықтан адамның қолы мен аяғына кигізілгенде қажалуы мүмкін. Қуаттандыру уақытының аздығы және қуаттандыруға кететін уақыттың да көптігін де ұсынысқа кіргіздік. Сол себепті осы мәселені шешу үшін ұсыныстар бердік», — дейді Канат Құрақбайұлы. Ал білезіктің корпусын рұқсатсыз алу және ашу бақылаудың кіріктірілген жүйесі бар глонасс GPS жаһандық новигациялық спутниктік жүйесінің сигналдары бойынша анықталады екен. Ол бойынша есепте тұрған адамдардың денесінде алып жүруге арналған арнайы электрондық құрылғы қадағалауға мүмкіндік береді. Білезікті жеткізу жиынтығына белдік, білезіктің бекітуге арналған клипстері, қуаттау құрылғысы кіреді. Білезік арқылы бақылау жүйесін құқық қорғау қызметкерлерінің қолындағы қолданыстағы бақылаушы құрылғыларға байланыстыру жұмыстары жеделдетілуде. Планшеттер қызметкер жұмыс орынында болмаса да, браузерлері бар кез келген құрылғыға сигнал келе береді. Бұл өз кезегінде бостандықта жүрген педофилдердің артық әрекетке баруын қадағалауға мүмкіндік бермек.

## ПЕДОФИЛДЕР ПРОБАЦИЯ БАҚЫЛАУЫНДА БОЛАДЫ

Есептегі педофилдерді Қылмыстық атқару жүйесі департаментінің пробация инспекторлары да қадағалайды. Олар да білезікпен бақылауға алу жұмысын қолға алады. Инспектор қажетті деректерді компьютердің, планшеттің немесе смартфонның көмегімен жеке кабинет арқылы тексеруіне мүмкіндігі бар. Егер әлгіндегі айтқандай сотталған адам белгіленген тыйымды бұзса немесе білезікті зақымдауға тырысса, бұзушылық туралы белгі дереу полиция қызметкерлерінің планшетіне түседі. Бұдан кейін тиісінше Пробация қызметі жазанын түрін бас бостандығынан айыруға өзгерту туралы мәселені қарау үшін материалдарды сотқа береді.

Ұреймен өмір сүріп келе жатқан ата-аналар жазасы толық дәлделденсе, бүлдіршінің болашағына балта шапқандарды өмір бақи түрмеге қамап, өлім жазасына кесу керекін қалайды. Бірақ мемлекетіміз халықаралық міндеттемелерге сай бұл мүмкіндікті толық пайдалануға құқы жоқ. Дегенмен өзге елдердегідей азғындардың жазасы ланкестердің жазасымен теңестіріліп, Франция, Ұлыбритания мен Польшадағыдай құрықталған педофилдерді өмір бойына темір тордың арғы жағына атқандырыған дұрыс-ақ. Өйткені сарапшылардың өзі балаларға қарсы жыныстық зорлық-зомбылық жасап сотталғандардың 90 пайызы қайта зорлық жасайды екен. Кеш жетсе де, шетелдегі педофилдерді білезікпен бақылап, жасөспірімдер жүретін жерлерге заңмен жолатпаудың жолы жақсылып қолға алынғанын күтеміз.

# Дизель дауы

(Басы 1-бетте)

Мадияр ТӨЛЕУ

Расымен де, дизель тапшылығын сөз етіп жүргенде бензин құны да шарықтағаны білінді. Бірақ министр айтқандай 2-3 теңгеге емес. Мәселен, Петропавлда жүргізушілердің сұранысындағы Аи-92-нің литрі 175-тен 186 теңгеге бір-ақ өскен. Жауаптылар бензиннің қымбаттауына бастапқы сатып алу құны әсер еткенін келтірді. Себебі еліміздегі мұнай өңдеу зауыттары өнімдерін делдал компаниялар арқылы өткізеді екен. Оған жол тасымалы мен салық қосылады. Яғни, министрдің «қымбаттауға негіз жоқ» дегенін қалай ұғамыз? Әлде салада заңсыздық жайлаған ба?

Осыдан кейін жағдайдың ушыққанын түсінді ме, ведомство басшысы Мағзұм Мырзағалиев те қимылдай бастағандай сынай танытты. Тексеріс кезінде мұнай өңдеу саласындағы бір үлкен кілтіпан шыққан: Павлодар мұнай-химия зауытында жөндеу жүргізу кезінде гидротазарту компрессорының ақаулы екені әшкере болыпты. Енді сол ақаулы бөлшекте тек 5 айдан кейін ғана ауыстыруға болады екен. Осы кезең бойы



ПМХЗ дизель отынын бұрын жоспарланғаннан ай сайын 20-40 мың тоннаға аз өндірмек. Мұны естіген ведомство басшысы ҚазМұнайГаз басшылығына МӨЗ-бен бірлесіп, көктемгі егін жұмыстары басталғанға дейін, Ресейден мұнай өнімін импорттау есебінен қор қалыптастыруды тапсырыпты. Демек, дизель тапшылығы мәселесі алдағы уақытта да реттелмей қажап емес. Биыл алғашқы 9 айда орташа құны литріне 188 теңге болған дизельдің бағасы қазірағи мақтарда құбылып тұр. 208 теңгеден 330 теңгеге дейін барады. Әйткенмен мәселеге басқа көзқараспен қарайтындар бар. Экономист Мақсат Халық тапшылық қолдан жасалғанына сенімді.

«Дизель отыны қымбаттады, тапшылық болды. Бірақ тапшылық қолдан жасалып отыр. Өйткені Энергетика министрлігінің есебіне қарасақ, өткен жылы өндірілген дизель көлемі былд да өндірілген екен. Тек қана АЗС, жанар-жағармай пункттеріне кешіктіріліп жеткізілді. Уақытынан кешіккен соң тапшылық басталды. Нәтижесінде шаруалар қиын жағдайға тап болды. Сосын үн мен басқа заттар да қымбаттай бастады», — дейді ол.

Дефицит үшін дизель қоймада жиналып қалғандай. Энергетика министрлігі бізгегі баға Ресеймен теңесу қажет деген ұстанымын алдақашан жеткізді. Олар «сонда ғана дефицит болмайды» деп сендірген. Бірақ осы пікірді тарқатып

күттірген жоқ, автогаз арзан саналатын Маңғыстау облысында да автогаз бірден 15 теңгеге қымбаттап кетті. Осы уақытқа дейін 65 теңгеден сатылып келген автогаздың бағасы 80 теңгеге жеткен. Соңғы екі жылда 30 теңгеге қымбаттап отыр. Бұған көлік жүргізушілері наразы болғанымен жағдай әлі реттелмейтін сынды. Жүргізушілер автогаздың қымбаттауынан тақис қызметі өсіп, азық-түлік бағасы тағы да шарықтап кетеді деп қорқалы екен. Көгілдір отын кей жерлерде 85 теңгеден саудаланып жатыр. Мұнайлы аймақ айына 18 мың тонна сұйытылған газбен қамтылған. Оның 14,5 мың тоннасы Жанаөзендегі «Қазак газ өңдеу» зауытынан алынса, қалған 3,5 мың тоннасы Атыраудағы зауыттан жеткізіледі.

Газ бағасының қымбаттауы отынның «электрондық сауда арқылы сатылуына байланысты» дейді жауаптылар. Егер сұраныс болмаса ғана баға төмен түседі екен. Десе де, шенеуніктер келер жылдан бастап автогаз бағасын тек нарық қана реттей алатынын айтқан. Сондықтан баға әлі де қымбаттауы мүмкін. 2022 жылдың қантар айынан бастап көгілдір отын 100 пайыз электрондық сауда арқылы сатылмақ. Сұраныс қалай болса, баға да солай болады. Сондықтан бағаның қандай болатынын нарық реттейді. Біздің пайымдауымызша, баға әлі де көтерілмесе, түспейтін секілді. Себебі мән-жайға қарап, тек осыны аңғаруға болады.

# Шығыстағы ономастика: АУЫЛ АТАУЛАРЫ ҚАШАН ӨЗГЕРЕДІ?

**Соңғы жылдары Шығыс Қазақстанда идеологиялық тұрғыдан ескірген көше атаулары бұрынғы жылдармен салыстырғанда біршама азайды. Дегенмен әлі де ескі атау сақталған нысандар, көшелер аз емес.**

Егер статистикаға көз салсақ, 2018 жылы облыста 51 Ленин, 21 Киров, 68 Советская, 47 Октябрьская, 29 Комсомольская, 15 Совхозная, 13 Колхозная көшесі болған. 2017 жылы облыстық Тілдерлі дамыту жөніндегі басқарма өңірдегі идеологиялық тұрғыдан ескірген атауларға сараптама жасап, аймақтағы 7 765 көшенің 439-ының, 1 076 әкімшілік-аумақтық бірліктің 48-інің және 11 мектептің атауы осы санатқа жататынын анықтаған-ды.

Шығыстағы ономастика мәселесі сөз болғанда Өскемен үнемі сыңа ұшырайтын еді. Бірақ кейінгі 5 жылда қалада көп көшенің атауы өзгерді. 2017-2021 жылдар аралығында шаһардағы 84 көшеге Қазыбек би, Шөкәрім Құдайбердіұлы, Әміре Қашаубаев, Алольф Янушкевич, Евгений Брусиловский, Мұхамеджан Тынышбаев, Калихан Ыскақ, Қанипа Бітібаева, Сағадат Нұрмағанбетов секілді танымал тұлғалардың есімдері берілді. Облыстық Тілдерлі дамыту жөніндегі басқарма мамандарының сөзіне сенсек, қазір өңірдегі идеологиялық тұрғыдан ескірген көшелер 90 пайызға ауыстырылған.

## 30 Жылда бір ғана ауданның аты қазакшаланды

Алайда көше атауларының ауыстырылуы көңіл көншіткенімен, идеологиялық тұрғыдан ескірген ауыл, аудан атаулары әлі де азаймай тұр. 2019 жылы 3 қаңтарда Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Жарлығымен Зырян ауданы мен Зырян қаласына Алтай атауы берілгенде қуанбаған жұрт қалмаған еді. «Бұл — игі істің бастамасы. Енді Шығыстағы басқа да аудандардың аты ауысатын шығар» деп үміттенген еді көпшілік. Тіпті, сол кездері Бородулиха ауданы Белағаш, Глубокое ауданы Ақтас деген тарихи атауларына ие болуы мүмкін деген өңірмелер де айтылған-ды.

Атау демекші, Тәуелсіздік алғаннан бергі 30 жыл ішінде Шығыс Қазақстанда 3



кала (Семипалатинск — Семей, Лениногорск — Ридлер, Зырян — Алтай), 1 аудан орталығы (Зырян ауданы — Алтай ауданы), 150 елді мекен, 914 көше мен 112 мектептің атауы өзгерген. Бұл — облыстық Тілдерлі дамыту жөніндегі басқарманың берген дерегі.

Бір қызығы, қызығы емес-ау, шығысы азаттықтың алтын күрек желі ескен 30 жылда бірде-бір ауылының аты өзгермеген аудандар да бар. Мәселен, Өскеменге жақын орналасқан Шемонаиха ауданында барлық ауылдың атаулары тек орыс тілінде. Первомайка, Волчанка, Усть-Таловка, Зевакино, Каменевский, Вавилонский, Разинский, Верх-Уба, Выдриха, Октябрьский деп жалғасып кете береді. Бұл — тек ауылдық округ атаулары ғана. «Ауданымызда идеологиялық тұрғыдан ескірген ауыл атаулары аз емес. Қазір біз аудандағы көше атауларын өзгерту мәселесімен айналысып жатырмыз. 16 көшенің атауын ауыстырмақ ойымыз бар. Басқармаға өз ұсынысымызды бердік», — дейді Шемонаиха аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Айнаш Әжекевна.

Шемонаиха дегеннен шығалы, белгілі жазушы Медеу Сәрсекке «Семей қасіреті» атты кітабында этнограф Молдабек Жан-болатовтың абайлық Садық Қасимановтың өңімесі негізінде жазылған құнды естелігін оқырман назарына ұсынған. Сонда «...1932

жылғы көктемде Садық отағасы мемлекеттен көмек ретінде алған көтерме қаржымен Шыңғыстау мен Орда өңірінен екі жүздей отбасының аш-арығын Слэмбек қорасына жинайды. Соданжаулап жолға шығып, жолшыбай Арқат өңірінен де жадал-жүдеген шерменделерді қосып алып, қараы зорайып, солардың бәрін Жарма стансасына жеткізіп, жүк вагонына отырғызып, Семейге әкеледі. Онда да тұрақтамай «Локоть», «Томен», «Алтай» кемелеріне мінгізіп, Ертісті өрлеп, Пролетарка — Ақши (Байкала), Пляжный Яр — Сандықкала, Уба-Форпост — Кукала, Убинка — Тараныш, Зевакино — Күшіней, Барашки — Жаланаш, Березовка — Бөтйрман, Предгорное — Қызылжар, Глубокое — Ақтас, Прапоршикова — Билдайкала, Баты — Костобе, ең аяғында Тұғылға дейін өр мекенде 10-15-тен отбасын қалдырып, кейбірін төркілеу науқанында қанырап бос тұрған кешегі ауқаттылардың қорақопсына орналастырып, алты ай бойы тегін сүт, ет, тағы басқа тағамдар беруді ұйымдастырады» деп келетін (М.Сәрсекке, «Семей қасіреті», 202-бет) жолдар бар. Бұрынғы тарихи атауларымен бірге аталған ауылдар қазір Глубокое (Предгорное, Прапоршикова, Березовка), Бородулиха (Пролетарка, Уба-Форпост) және Шемонаиха (Барашки, Убинка, Зевакино) аудандарында орналасқан. Айтпақшы, осыдан біраз

жыл бұрын Бородулихадағы Пролетарка ауылына бұрынғы Ақши деген тарихи атауы қайта берілді.

Шемонаиха секілді Бородулиха ауданында да ауыл атауларының көпшілігі орыс тілінде. Бірақ тәуелсіздік жылдары бірнеше ауылға (Арбузное — Қарағайлы, Вознесенка — Қызылтай, Романовка — Жаксылық, Пролетарка — Ақши, Вторая пятаилетка — Жарбұлақ) қазақша атау берілді.

## КАЗАҚЫ ӨНІРЛЕР ДЕ ОҢЫП ТҰРҒАН ЖОҚ

Өскеменнің іргесіндегі Глубокое ауданында да 30 жылда бар-жоғы 4-ақ ауылдық округтің (Куйбышев — Быструха, Киров — Ертіс, Фрунзе — Тархан, Калинин — Березовка) атауы ауысқан. Ал біршама қазақы өңір саналатын Ұлан ауданындағы 45 ауылдың 16-сы әлі күнге дейін орыс тіліндегі атауларға ие. Өскеменнен Семейге қарай жол тартсаңыз, Герасимовка, Азовое, Донское, Ново-Одесское, Пролетарка, Казачье, Отрадное, Украинка, Гагарино, Таврия, Привольное, Багратион деген ауылдарды көресіз. «Біз осы бағытта жергілікті тұрғындарға түсіндірме жұмыстарын жүргізіп жатырмыз. Пролетарка, Казачье және Тройникоское ауылдарына құжаттар әзірленіп жатыр. Мәселен, Багратионның Койтас, Таврияның Мырзәбел, Пролетарканың Жартау, Гагарионың Жартас, Казачьенің Аршалы, Отрадноеның Тасөткел, Донскоеның Қарақудық, Азовооның Кызылсу, Тройникоосының Түгел деген тарихи атаулары болған», — дейді Ұлан аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене-шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы Мейіржан Әлібеков.

## «ҚОҒАМДЫҚ ТЫНДАУДЫ» ЗАННАН АЛЫП ТАСТАУ КЕРЕК

Идеологиялық тұрғыдан ескірген, қайталанатын, мағынасы жоқ жер-су атаулары, елді мекендер мен көшелер негізінен өзге үлгі өкілдері көп қоныстанған аудандарда байқалады. Біздің білуімізше, облыстағы қала, аудан аттарын ауыстырған жағдайда республикалық ономастикалық комиссияға келісуге жіберіледі. Ал өңір аудандарының ішіндегі ауылдардың, ондағы көшелердің аттарын ауыстыруды облыстық ономастикалық комиссия, яғни жергілікті жерде шешеді. Әрине, әуелгі кезекте тұрғындардан тікелей ұсыныс түскенде. Демек, Предгорное, Волчиха, Секисовка, Винное, Ушаново секілді ауылдардың (мысал ретінде айтып отыр-

Азамат ҚАСЫМ,  
Шығыс Қазақстан облысы

# Жамбылда 36 мектепте директор жоқ



Елнұр КАБА (қолжазба)

**Жамбыл облысында 36 мектеп директорысыз отыр. Карантиннен кейін офлайн оқу жүйесіне көшкен білім ордаларын басқаруға педагогтер неге құлықсыз? Директор болу соншалықты қиын ба? Әлде «болам» деген «баланың» жоғарыдағылар белін бұмай, бетін қағып жатыр ма? Көптің көкейінде жүрген сауал сала мамандарының ғана емес, әкімдіктерілердің де бас ауруына айналып отыр.**

Саятхан САТЫЛҒАН

## БАСШЫСЫ ЖОҚ МЕКТЕПТЕ БІЛІМ САПАСЫ ҚАЙДАН БОЛАДЫ?

Олай дейтініміз, күні кеше облыс әкімі алдында есеп берген Білім басқармасының басшысы Бейкүт Жамангөзовтің санға тізілген статистикасын Бердібек Сапарбаев сын тезіне алды.

— Кадр тапшылығы мәселесі өңірде өзекті. Тиісті басқарма жоғары оқу орындарымен, әлеуетті жұмыс берушілермен ынтымақтастық орнатып, қазіргі сұранысқа ие мамандықтар мен кәсіптерге жан-жақты талдау жүргізіп, тиісті шаралар қабылдауды тапсырған болатынымын. Мектеп тұлектерімен кәсіптің бағдар беру жұмысын жандандырып, педагогикалық мамандықтар бойынша оқуға түскен студенттер өндірістік тәжірибені өзі оқыған мектебінде өтуі керек болатын. Нақты тапсырмалар берілді, бірақ нәтиже жоқ. Құрғақ уәдемен жұмыс бітпейді. Кадр мәселесі толық шешілмеген. 36 мектеп директорының орны бос тұр. Мұндай жағдайда білімнің сапасы туралы не айтуға болады? — деп облыс әкімі жүйесіз жұмысқа шүйлікті.

Сондай-ақ аймақ басшысы Білім басқармасының басшысы кабинетінен шығып, ең болмаса Тараз қаласындағы мектептерді аралап шығуы қажет екенін қатаң ескертті.

Әрине, облыстық Білім басқармасының басшылық қызметіне күні кеше келген Бейкүт Жамангөзовке бар кіноні артаудан аулақпыз. Аттан ауған бұрынғы басшының да артынан сөз айтуға ниетіміз жоқ. Алайда «сен салар да, мен саларға...» салғаннан түйткілдің түйіні тарқамайтыны анық. Сондықтан «бүгінгі, әлде бұрынғы басшы» деп бөлмей, күрделенген мәселенің күрмеуін тауып, шешу қажет.

## ҚАЙ МЕКТЕПТЕР ДИРЕКТОРСЫЗ ОТЫР?

Облыс әкімдігі Білім басқармасы берген ақпаратқа сүйенсек, биыл 1 қарашада өңір бойынша бос лауазымды 36 директордың орнына 31 конкурс жарияланған екен. Мектеп-

тері басшысыз отырғандардың қатарында Қордай ауданы көш бастап тұр. Онда №7,11,27,29,30,31,45,48 сияқты сегіз мектепте директор жоқ. Сондай-ақ Байзақ ауданындағы Жанатұрмыс, Амангелді, №6 орта мектеп, Жамбыл ауданындағы Амангелді, А.Матросов атындағы орта мектептері мен Костобе, Шайдана, Ы.Алтынсарин атындағы, №5 бастауыш мектеп, Т.Рысқұлов ауданындағы Құлан мектеп-гимназиясы, А.Шинасолов атындағы орта мектеп, Сарысу ауданындағы Шығанақ орта мектебі, Талас ауданындағы Аккөл орта мектебі, Шу ауданындағы Ғ.Мұратбаев атындағы орта мектеп, Меркі ауданындағы №28 орта мектеп, Мойынкүм ауданындағы №2, К.Сәтбаев, Амангелді, Б.Момышұлы, В.Терешкова орта мектеп және Тараз қаласындағы №42,55 орта мектептер егесіз үйдін кейпін кешіп отыр. Ал Жуалы ауданында 5 орта мектеп, Тараз қаласында 1 бастауыш мектеп және Меркі ауданындағы 1 мектепке конкурс жарияланғанымен, ешкім директор болуға құлық танытпаған. Үміткерлер анықталмағаннан кейін мұнда да конкурс қайта жарияланып отыр.

## ПЕДАГОГТЕРДІҢ ШІКІРІ ҚАНДАЙ?

Негізі, Білім басқармасының мамандары мектепке директор болуға ниет танытқандар болғанымен, олар конкурстан өте алмай қалып жатқанын алға тартады. Алайда бар мәселе осында ма?

Біздіңше, мұғалімдердің айлық жалақылары жыл санап өскен сайын педагогтердің дені ұстаздықты тыныш көретін секілді. Оған қоса, «Педагог мәртебесі туралы» заң құқығынды қызғыштай қорғайды. Бұрынғыдай табанынан таусылып, мектептің бүкіл тірлігіне араласудың қажеті жоқ. Сабағыңды берсең жеткілікті. Ал директор болсаң, сағаты көп сабақтан да, есептен жалақыдан да, түйін тыныш ұйқыдан да қағыласың. Мектепке тексеріс келсе де, оқушының бірі жөтелсе де, тентектер төбелессе де сен бірінші жауап бересің. Ал ұстаздар ұйымдастыр үстіндегі арыз жазса, сотталып кетуің де бек мүмкін. Мұндай жағдайда директорлыққа кім келгісі келеді дейсіз? Мұнымен педагогтердің өздері де келісіп отыр.

— Жалпы, қазір қай салада болмасын басшы болу оңай емес. Ал мектеп директорларына жүктелетін жауапкершіліктің жүгі ауыр. Сен мектептің ішкі саясатына ғана емес, сыртқы дүниесіне де жауап бересің. Мәселен, түнделетіп жүрген бір оқушыны төртін сақшылары ұстап алса, ата-анасынан емес, мектептен жауап алады. Сондай-ақ жасөспірімдер сабақ уақытынан тыс, мектеп ауласынан аулақ жерде төбелесіп қалса, бала үшін мектеп директоры барады.

Екінші мәселе — мектеп директорларының айлық жалақысы төмен. Өйткені біз қосымша сағат ала алмаймыз. Сондықтан педагогтер директор болмай басын қатырғанша сағатын алып, сабағын беріп, көп жалақы алғанды қалайды.

«Педагог мәртебесі туралы» заңның шыққаны дұрыс. Алайда осы мәртебелікті әр мұғалім өртүрлі түсінеді. Егер бір жұмысты жүктесен, бірігіп алып үстінде арыз жазалы. Бір сөзбен айтқанда, қазіргі директорлар ұстаздарға тапсырма бермек түгілі оларға сөйлей алмайтын жағдайға жетті.

Әрине, еш нәрсеге қарамай мектеп директоры болсам деп талпынып жүрген азаматтар бар. Алайда олардың жолын конкурс байлауда. Олай дейтінім, директорлыққа қабылдаудағы тестін сұрақтары тұтастай заң төңірегінде құралған. Бейне бір мектеп директорлығына емес, прокуратураға жұмысқа қабылданып жатқан сияқтысын. Педагогтердің бәрі бірдей зангер емес қой. Директор болам дегеннің бірі математик, бірі физик, бірі химик болуы мүмкін. Олар том-том заңды қайдан жаттайды. Осы жағы да көп адамға директор болуға кедергі болып жатыр деп ойлаймын.

Шынымен айтсам, мектеп директоры түгілі мен қазір өзіме орынбасар таба алмай отырмын. Өйткені жауапкершілігі көп, рақметі жоқ жұмыстан бәрі қашады, — дейді Ы.Алтынсарин атындағы орта мектептің директоры Канатбек Бәйтен.

Осы тұста біз мұғалімдердің не себепті директор болғысы келмейтінін де сұрадық.

— Біріншіден, мектеп директорларының айлық жалақысы төмен. Екіншіден, сен қанша жерден жақсы жұмыс істеп, мектептің атын танытып жатсаң да, бір-ақ күнде балалардың төбелесі не арыз-шағымынан жұмыстан босап кетесің. Яғни, директорлық қанша еңбектенсең де алғысы жоқ жұмыс.

Үшіншіден, мектепке қандай тексеріс келсе де директор асты-үстіне түсіп жатады. Жоғарыдан келетін тапсырмаларды да мектеп директоры орындайды.

Бұдан бөлек, мектеп директоры боламын деген ниетін болғанымен, конкурстан өту қиынның қиыны. Өйтеуір, бір жолыңды байлайтын нәрсе табылады. Сондықтан мектеп директоры боламын деп бас қатырғанша тыныш сабағыңды беріп, айлық жалақыңды еселеп алғаның артық, — дейді Н.Киікбаев атындағы мектеп-гимназияның мұғалімі Айнур Омарова.

## Түйін:

Міне, педагогтердің пікірі — осы. Бұрын мектеп директоры деген ұлкен лауазым ретінде қаралса, қазір бәрі одан қашатын болған. Өйткені айлық жалақысы аз, жауапкершілігі көп әрі қауіпті қызмет. Ұстаздар бірігіп арыз жазса, абдықты да айдалып кетесің.

Білін және ғылым министрлігі биыл мектеп директорларын ротациялау туралы бастама көтергенін ел жақсы біледі. Алайда мектеп директорларын түгендей алмай жатқанда ротация туралы қалай ойлауға болады?

Әрине, байыбына бармай байбалам салудан аулақпыз. Бірақ ұрпақ өртеніс қатысты мәселеде сансыз талқылаудан гөрі бір нақтылау қажет. Балкім, «Жастар кадрлық резерві», «Nur Otan» партиясы кадрлық резерві» сынды «Директорлардың да кадрлық резервін» жасақтау керек шығар. Мүмкін, сонда түйткілдің түйіні тарқатылып қалар...

Жамбыл облысы

**Қарағанды облысы үй құрылысы бойынша рекорд орнатты. Дегенмен бірнеше жыл құрылысы бітпеген кешендер де баршылық. Айтпағымыз салынуы ұзаққа созылып кеткен Қарағанды қаласындағы «Трилистник» тұрғын үй көшені туралы болмақ...**

# Құрылысы сағыздай созылған «Трилистник»

## УӘДЕГЕ СЕНГЕН ЖҰРТ...

Уәдеге тойды жұрт. Бұл жолы «желтоқсан айында үйлер пайдалануға беріледі» дейді шенділер. Айта кетейік, тұрғындардың біразы жылдар бойы баспана кезегінде тұрып, пәтер жалдап қажығандар болса, енді бірі жаңа үйден баспаналы боламыз деп өз пәтерін сағытып жібергендер. Олар күткен жаңа үй құрылысы сағызша созылып келеді, наурызда барлық жұмыс аяқталып, үй қолданысқа беріледі деп уәде берілді. Алайда бұл соңғы уәде болмай шықты. Осылайша, мемлекеттік «Нұрлы жер» бағдарламасымен берілер қолжетімді баспана «қолжетімсіз» болып отыр. «Айта айта Алтайды, Жамал атып қартайды» демекші, «Нұрлы жер» бағдарламасы бойынша 2012 жылдан бері Қарағанды төріннен жайлы пәтер алу үшін отбасылық табыстарының қосымша бөлігін ай сайын Отбасы банкіне депозитке құйып келе жатқан бітпеген үйдін болашақ тұрғындары әлі үмітін үзер емес. Ал үйдің қашан тапсырылатыны белгісіз.

## ТАҒЫ ДА УӘДЕ...

Жақында Қарағанды қаласының әкімі Ермағанбет Бөлекпаев құрылысы аяқталмаған екі үйдегі құрылыс жұмыстарының барысын тексеріп, пәтер иелерімен тағы да кездесті. Біріншісі Бауыржан Момышұлы, 26/3 мекенжайында орналасқан, екіншісі қарама-қарсы жақта салынып жатқан төртінші «Трефойл» (әзірше мекенжайы жоқ). Екі жағдайда да үйлердің құрылысы айтарлықтай кешіктіріліп, тапсырудың алғашқы мерзімі әлдеқашан өтіп кеткен. Енді екі мердігер де үйлер желтоқсан айында тапсырылады деп ант су ішіп жатыр.

«Бұл үй сегіз жылдан бері салынып жатыр. Әр жолы бізге тек уәде беріледі. Құрылыс өте баяу жүріп жатыр. Жұмысты уақытында аяқтамағаны үшін адамдар неге зардап шегуі керек?» Бұл болашақ тұрғындардың зары.

Әкім бұл екі жаңа ғимараттың құрылысы тым кешігіп жатқанымен келісіп, «қазір мердігерлерге демеушілік көмек көрсетілуде» дейді.

— Бұл жұмысты желтоқсан айында аяқтаймыз деп сенемін. Енді мәселе №26/3 үйдегі лифтіне қалды, себебі жүк Қытайдан келе жатыр. Қалған жұмыс уақытында аяқталып, бұл ұзақмерзімді құрылыс аяқталуы керек. Жалпы, PanelCenter кешеніндегі блоктық учаске және төртінші «Шемрок» Қарағандыдағы соңғы екі ұзақ-мерзімді құрылыс нысандары.

Екінші жағдайда мердігерге де демеушілік көмек көрсетілді. Біз адамдар бұдан былай күте алмайтынын түсінеміз. Демеушілік құрылыстың аяқталуын тездетіп, үйді тез тапсыруға мүмкіндік берді. Әрине, әзірлеушілер жобаны ретке келтіріп, бюджеттен қосымша қаржы күтуге болар еді, бірақ бұл процесс кем дегенде тағы бір жылға созылып кетер еді, — дейді Ермағанбет Бөлекпаев.

## ҚҰЛАҚ ТА ҮЙРЕНІП ҚАЛДЫ

Құрылысы аяқталмаған үйлердің иелерімен кездесуде Қарағанды Құрылыс басқармасының басшысы Мұрат Камалиев те болды. Оның айтуынша, құрылыс салушының екі үйі де осы жылдың желтоқсан айында үйлерді міндетті түрде тапсырады.

— Желтоқсанда екі жобаны да бітірміз, оған кепілді беремін. PanelCenter №26/3 үйге келсек, ол пайдалануға беріледі, Қытайдан лифті жеткізіліп күтіп отырмыз, ол келгенде орнатуға тағы екі ай уақыт керек, — деді Камалиев. Бауыржан Момышұлы, 26/3 мекенжайындағы үйдің нәліктен 8 жылдан астам салынып жатқаны жайында Қарағанды қаласы әкімдігінің қызметкері Жұмаш Байділда: «Орталық панель 2013 жылдан бері салынып жатыр. Бастапқыда оған бюджеттен толық емес қаржыландыру бөлінді. Содан 2015 жылы қосымша қаражат бөлінді, бірақ ол кезде де бұл сома жеткіліксіз болды, яғни бұл ақшаға толыққанды материал сатып алу мүмкін болмай, құрылыс алаңы қайтадан тоқтап қалды. Өткен жылы ғана оны толығымен қаржыландыру туралы шешім қабылданды. Материалдың құны шамамен 3 есеге қымбаттап кетті. Бұрынғы мердігерлермен келісім-шарт бұзылды. Қазір құрылысты аяқтап жатқан мердігер — «Үміт2019». Олар 2020 жылдан бері құрылыс жүргізіп келеді. Осы жылдың тамыз айында бұл үйдің бірінші блоктық бөлігі аяқталып, пайдалануға берілді. Қазір ол жерде адамдар тұрып жатыр. Жұмыстың сапасына әзірге шағым түскен жоқ, — дейді.

Бұл жолы да болашақ пәтер иелері сеніммен аттанды. Құлақтары үйреніп қалса керек. Әкім уәде берді ғой. Соңғысы болар, бәлкім...

Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ,  
Қарағанды облысы



## Денис әлемдік рейтингте көш бастады

Халықаралық конькимен жүгірушілер одағы (ISU) шорт-тректен әлемдік рейтингті назарға ұсынды. Әлем кубогының екі кезеңінен соң қазақстандық Денис Никиша көш басында келеді.

Атап айтсақ, Денис 500 метрге жүгірушілер арасында 12 800 ұпаймен бірінші орында тұр. Екінші орынға венгриялық Шаолин Сандор, үшінші орынға Оңтүстік Корея өкілі Хванг Да Хон жайғасқан.

1 500 метрге жүгіретін спортшылар арасында Әділ Ғалиахметов 8 000 ұпаймен бесінші орында келеді. Бұл қашықтық бойынша ресейлік Семен Елистратов 15 120 ұпаймен көш бастап тұр.

Айта кетейік, Әділ Ғалиахметов Бейжіңде (Қытай) өткен әлем кубогының алғашқы кезеңінде күміс жүлдегер атанған болатын. Ал Денис Никиша Бейжің және Нагояда (Жапония) өткен кубоктық кезеңдерде екі рет қола медаль жеңіп алды.

А.ЖАСАНҰЛЫ

## Әлем чемпионаты кейінге шегерілді



Бокстан әйелдер арасында 2021 жылғы 6-19 желтоқсанға жоспарланған әлем чемпионаты кейінге шегерілді.

AIBA аталған турнирді өткізуге бар күшін салғанымен, көптеген ұлттық федерацияның өз еліндегі шектеуге байланысты қиындыққа тап болғаны анықталды.

«Көптеген команда жарысқа дайындалып жатқандықтан, олардың бұл жаңалықты ауыр қабылдайтынын білеміз. Алайда спорт-

шылар мен ресми тұлғалардың және өзге де ұйымдастырушылардың қауіпсіздігі бірінші орында. Сондықтан біз тәуекелге бара алмаймыз», — деді AIBA президенті Умар Кремлев.

Осыған орай AIBA директорлар кеңесі Түркия ұлттық федерациясымен кенесе келе, әлем чемпионатын 2022 жылға шегеру туралы шешім қабылдады.

А.ЖАСАН

## Абай жолы» әдеби-музыкалық клубы құрылды



Халықаралық Абай қорының ұйымдастыруымен елордада «Абай жолы» әдеби-музыкалық клубы өз жұмысын бастады.

Осыған орай ҚР Ұлттық академиялық кітапханасында клубтың алғашқы дөңгелек үстел отырысы өтті. Абай мұрасын ұлықтаған рухани іс-шараға, жоғары оқу орындарының студенттері мен акын-жазушылар қатысты. Жыныда Абай өлендері жатқа оқылды.

«Басты мақсатымыз — Абайдың мұрасын жастардың санасына

сіңіріп, одан ары өркендету. Әр қазақстандық Абайдың шығармаларын біліп, оқып өсуі тиіс. Алдағы уақытта «Абай жолы» әдеби-музыкалық клубының кездесуі әр бейсенбі сайын өтіп отыратын болады. Сонымен бірге шетелдегі «Абай» орталықтарымен бірлесіп, Абай атамыздың кемел тұлғасын насихаттауды және қандастар арасында осындай шаралар өткізуді жоспарлап отырмыз», — дейді «Абай жолы» клубының жетекшісі әрі тұрақты модераторы Бекзат Смағұл.

А.ЖАСАНҰЛЫ

# Кәсіпқой бокс: КІМНЕН ҮМІТ КҮТЕМІЗ?

Жыл соңына дейін кәсіпқой бокста жүрген таңдаулы боксшыларымыз шаршы алаңға шығады. Олардың ішінде ерекше атап өтер үш спортшы бар. Бірі — Геннадий Головкин, екіншісі — Жәнібек Әлімханұлы, үшіншісі — Данияр Елеусінов. Осы оғландарымызға маңызды жекпе-жек алдында жеке-жеке тоқталып өтпекпіз.

Абылайхан ЖҰМАШ

Қазір IBF және IBO тұжырымдары бойынша, орта салмақтағы әлем чемпионы Геннадий Головкин (41-1-1, 36 KO) рингке оралуға дайындық жұмыстарын жалғастырып жатыр. Күні кеше 39 жастағы қазақстандық боксшы Instagram желісіндегі парақшасында АҚШ-тағы оқу-жаттығу жиынында түскен жана фотосын жариялап, «Жаттығу жалғасуда» деген жазба қалдырды.

Ашығын айтқанда, ол желтоқсанда WBA Super титулының иегері жапониялық Риота Муратамен (16-2, 13 KO) қолғап түйістіреді. GGG-дің ринг төріне көтерілмегеніне бір жылға таяды. Отандасымыз былтырғы желтоқсанда жетінші раундта поляк боксшысы Камил Шереметаны жеңгеннен кейін өзіне үзіліс жариялаған. Енді Гена 2021 жылдың соңын сәтті нотада аяқтағысы келеді. Одан соң Канелодан есе қайтаратын кезек келер. Екінші орта салмақта алғашқы абсолют чемпион атанған Сауль Альварес те осы мәселеге қатысты бір әңгімесінде орта дивизионда IBF және IBO чемпионы Геннадий Головкинмен үшінші жекпе-жек өткізуге дайын екенін жеткізген. Мексикалық чемпион Гена екінші орта салмаққа өтсе онымен айқасуға қарсы емесін айтты. Келер жылы қос мықтының жолы қайта түйісуі мүмкін. Нағыз драмаға толы кездесу сол кезде болмақ. Ал әзірге Генаның алдында тағы бір маңызды міндет тұр. Ол — жапондық боксшы Муратамен өтетін жауапты жекпе-жекте жеңіске жету. Оған GGG-дің қарым-қабілеті толық жететініне еш күмән келтірмейміз. Ендеше отандасымызды ринг төрінде көруге асықпыз.

Ал Лас-Вегаста өтетін Жәнібек Әлімханұлы мен Хассан Ндам Нжикам арасындағы айқасқа санаулы күндер қалды. Екі былғары қолғап шебері Теренс Кроуфорд пен Шон Портер андеркартында жұлдырықтасады. Негізі, Жәнібектің француздық кәсіпқой боксшымен жекпе-жегі әуелде 5 қарашаға жоспарланған еді. Кейін бір себептермен 20 қарашаға шегерілді. Сол кезде Жәнібектің Twitter-дегі парақшасында жазба қалдырып, қарсыласын сөзбен қағытып алған.

— Хассан, жекпе-жекке 100 пайыз дайын бол. Әлі екі апта уақыттың бар. Сені нокаутқа түсіргім келмейді. Бапкерлеріне айт, орамалды уақытында рингке тастап үлгерсін. Сен өмір сүруің керек! — деп жазды қазақстандық боксшы.

Алайда Хассан да оңайлықпен беріле салатын осал боксшы емес. Орта салмақтағы бұрынғы WBA Regular, WBO Interim және WBC Silver чемпионы. Не де болса қос спортшыдан шаршы алаңда нағыз тартініне толы кездесу күтеміз.



— Жекпе-жекке дайындық тамаша жүріп жатыр. Шоудың 5 қарашадан 20 қарашаға ауысқанын білесіздер. Жәнібек формаға кіріп қойып еді. Енді сол форманы үш апта бойы ұстап жүру оңай шаруа емес. Спорттағылар жақсы біледі. Дегенмен әр істе жақсылық бар. 5 қараша өтпегені де дұрыс болды. Өйткені әуесқой боксшылар арасында әлем чемпионатының финалы болып жатты. Ел назары сол жаққа аулды. Оның үстіне, Вегаста Канело сол күні салмақ өлшеді. Сайттар мен желілерде солар талқыланды. Біздің жұлдырықтасу керек болған бокс кеші тып-тыныш өтті. Америкаға келіп, өнер көрсеткен сон жұрт қарап, мамандар баға беріп, еңбектің еленгені аса маңызды. Оның үстіне, бәріміз біздің жоспарды білесіздер. Біз жай әлем чемпионы емес, танымал әлем чемпионы болу үшін келдік. Сол жолда аянбай еңбек етіп жатырмыз. Енді, міне екі апта да өтті. Екі спарринг қалды. Сөйтіп, салмақты реттеп, келер апта Вегасқа ұшамыз. Жекпе-жек уақытының ауысқаны көңіл күйге де, қалтаға да әсер етті. Оған қоса, демеуші де табылған жоқ. Дегенмен сабыр түбі сары алтын! 20 қараша үлкен бокс кешінде өнер көрсетеміз. Атақты Кроуфорд пен Портер жұлдырықтасады. Қарлда жақсы боксшылар көп. Жаңалық — осы. Кииндықтардың бәрі арта қалды. Себебі біз алға жүріп келеміз. Бұйырғанда, келер жылы біз үшін чемпиондық жыл болмақ. Шулатамыз! Сеніңіздер, біз Құдай қаласа шулатамыз! Жоспар да дайын, мақсат та айқын, — деп жазды боксшының PR менеджері Берік Сұлтан Facebook жазбасында.

Осы тұста Қазақстан кәсіпқой бокс федерациясының атқару комитетінің мүшесі Серік Ноян үш боксшының кәсіпқой бокстағы өнеріне бағасын берді.

— Келер жылы 40-қа келетін Головкин кәсіпқой боксшы ретінде айтулы жетістіктерге жеткен әлемдік деңгейдегі боксшы. Желтоқсан айының соңында Муратамен Токкиодағы үлкен спорт кешенінде жекпе-жек өткізбекші. Менің ойымша, бұл Гена үшін жақсы бір сынақ болғалы тұр. Бұдан бөлек, Головкин өзінің мансабындағы маңызды кездесулердің бірі ретінде Канеломен үшінші жекпе-жекті күтіп жүрген сынайлы. Сол айқасты ойдағыдай

## «Тәуелсіздік тұғырым» атты көрме ашылды

Алматыдағы Ә.Қастеев атындағы Мемлекеттік өнер музейінде белгілі қазақстандық мүсінші, Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, профессор Ескен Сергебаевтың «Тәуелсіздік — тұғырым!» атты жеке көрмесі ашылды. Көрме Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығы мен шебердің туғанына 80 жыл толуына орай ұйымдастырылып отыр.

Экспозицияға автордың Ә.Қастеев атындағы музейдің қорындағы және автордың өзінің әр жылдардағы 70-ке тарта шығармасы қойылған. Мүсінші Е.Сергебаев ең алдымен бейненің эпикалық күші өмірдің өтпелі сәттерінің романтикалық сезімдерімен үйлесетін монументалды жұмыстарымен танымал. Ол — Алматы қаласындағы М.Әуезовке, әл-Фарабиге, Абайға, Т.Жүргеновке, тағы басқаларға қойыл-



ған ескерткіштердің авторы. Сонымен қатар мүсінші қондырғылы пластика саласында да өнімді еңбек етіп келеді.

Мүсіншінің белсенді шығармашылық қызметі 1960 жылдары, өнерге талантты суретшілер мен мүсіншілердің жана буыны келген кезде басталды. Е.Сergeбаевтың ертеректегі «С.Айтбаевтың портреті» (1967), «Абай» (1968), «За-

мандастың портреті» (1972) композициялары формасының жалпылығымен, сұлбаның орнықтылығымен және тұтастығымен, ішкі энергетикасымен және автордың зымыраған уақыт сезімін, әкелер мен балалар ұрпақтарының рухани сабақтастығының манызын жеткізуге ұмтылысымен ерекшеленеді. 1980 жылдардағы еңбектерінде шебер монументал-

ды стильге, өткен мен бүгінді философиялық пайымдауға бет бұрады.

Қазақстан Көркемөнер академиясының толық мүшесі Е.Сergeбаев оқытушылық қызметті әлі күнге дейін қатар атқарып келеді. 1969 жылдан бастап Н.Гоголь атындағы Алматы көркемсурет училищесінде, ал 1978 жылдан театр және көркемсурет институтында оқытушы, кейіннен доцент болып жұмыс істеді. 2010 жылдан бастап бүгінге дейін Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясында мүсін кафедрасының меңгерушісі, профессоры қызметін атқарады.

Көрмеге келушілерге Е.Сergeбаевтың туындыларының альбом-каталогі ұсынылады.

Көрме желтоқсан айының 12-не дейін жалғасады.

Нұрболат АДЫРБЕК,  
Алматы

NM

NUR MEDIA

AIQYN

Меншік иесі —  
«Айқын-Литер» ЖШС

Бас редактор —  
Нұрмұхамед БАЙҒАРА

Амангелді ҚҰРМЕТ —  
Бас редактордың  
бірінші орынбасары

Гүлзина БЕКТАС —  
шығарушы редактор

Асқар БЕК —  
веб-сайт редакторы

Елдар ҚАБА —  
секретариат меңгерушісі

**АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:**  
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ —  
Ақмола облысы  
Нұрболат АДЫРБЕК —  
Алматы қаласы  
Тұрсын ЖҰМАБЕКҚЫЗЫ —  
Атырау облысы  
Саятхан САТЫАҒАН —  
Жамбыл облысы  
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ —  
Қарағанды облысы  
Назгул НАЗАРБЕК —  
Шымкент қаласы  
Роза ШӨКЕН —  
Солтүстік Қазақстан облысы  
Ерқанат СӨРСЕНБАЙ —  
Қызылорда облысы  
Азамат ҚАСЫМ —  
Шығыс Қазақстан облысы

**«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ  
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:**  
Кәсіпорындар,  
мекемелер үшін — 15102  
Зейнеткерлер,  
соғыс ардагерлері үшін — 55102  
Жеке жазылушылар үшін — 65102

**ЖАРНАМА БӨЛІМІ:**  
8(727) 390-08-18, 8 (727) 241-47-75, 8 (707) 454-43-53  
byurukpaeva@litter.kz  
reklama@litter.kz

**ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:**  
8(727) 390-08-11, (707) 270-79-97  
saidinova@litter.kz  
bekkozhaeva@litter.kz

Газет аптасына 4 рет шығады

Газет «Айқынның»  
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4028  
Алматы қ., «Дәуір» Ш.Қалдаяқов көшесі, 17-үй  
Нұр-Сұлтан қ., «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС  
Сілеті көшесі 30, тел.: 8(7172) 99-77-77  
Шымкент қ., «ERNUR-print» ЖШС, Әлімқұлов көшесі 22,  
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114